	Тақырыпша: «Сиқырлы әлем» Мерзімі: 08-12.11	**дене шынықтыру** 1.Секіру. Сапқа тұру (далада) Қос аяқтап заттар арасымен (арақашықтығы 4 м) секіруді үйретуді жалғастыру. Сап түзеуден екі, қатармен қайта тұруға үйрету 2. Секіру. Домалату. Арканнан секіруді үйретуді жалғастыру. Допты екі қолымен заттар арасымен жүргізуге (арақашықтығы 4 м) үйретуді жалғастыру 3. Секіру. Құрсаумен жаттығу Сызықтан аттап секіруді үйретуді жалғастыру. Құрсаудың ішіне кіруді үйретуді жалғастыру (биіктігі 50 см)	**Сөйлеуді дамыту** **«Теңіз әлемі»** **(сурет бойынша әңгімелеу)** балалардың сөздік қорын жұрнақтар және жалғаулармен байыту; түбірлес сөздерді жасау және қолдану біліктерін, етістіктерді жалғаулармен қолдану, тілдік этикетті, жай және күрделі сөйлемдерді қолдану дағдыларын қалыптастыру **Көркем әдебиет** **«Жақсы мен жаман» өлеңін жаттау** Балаларды дауыс ырғағымен мәнерлей оқи отырып, логикалық екпінмен, үзілістермен жаттауға, балалардың өлең мазмұнына деген қатынасын беруге, тілдік бейнелілігін сезінуге баулу **Орыс тілі** **Помоги себе и другим** Постоянно упражнять в произношении изученных звуков русского языка через игры и упражнения; продолжать развивать голосовой и артикуляционный аппараты, речевое дыхание, чёткую дикцию. **Сауат ашу негіздері** **«М» дыбысы мен әрпі** [м] дыбысымен және әрпімен таныстыру.М дыбысының неге ұқсайтынын сұрау.Буындарды қосып оқуға білімдерін кеңейту.Дыбыстардың айтылуын қалыптастыру. **Дыбыстық талдау «АУА».** **«Ғ» дыбысы. Қолды жазуға дайындау** дыбыстық құрылымы әртүрлі үш дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасауға, дыбыстардың айтылу және дыбысталу ерекшеліктерін талдауға үйрету; қолды жазуға дайындау. Жазу кезінде арқаны және қолдарды дұрыс ұстау ережелерімен таныстыру. Қаламды немесе қарындашты дұрыс ұстауға үйрету. Сызбаларды (штрих) салуға үйрету.	**Математика негіздері** 9 саны көлеміндегі сан мен цифр туралы ұғымдарын қалыптастыру, оларды тану және атай білуді және көрнекілік негізінде 9 санының пайда болуымен үйретуді жалғастыру. 9 көлеміндегі санды тура және кері санауға үйрету. Заттардың (5 және одан артық) биіктігін мен жуандығын белгілей білуге, заттарды шамасына қарай өсу және кему ретімен орналастыруға үйрету. Шамасы бойынша заттардың арасындағы қатынастарды білдіретін математикалық терминдерді қолдану. **Жаратылыстану** **Табиғат бұрышын мекендеушілер** табиғат бұрышын мекендеушілер туралы (қалтауыз) білімді жетілдіру; **Құрастыру «Жануар»** Қалдық материалдардың түрлерімен таныстыру. Ұсақ заттар дайындай білуге үйрету. Түрлі үйлестіру арқылы сіріңке қораптарынан заттар құрастыру 	**Сурет салу «Тоты құс»** қылқаламмен қағазға басып салу тәсілдерін қолдануға; қағаздың ортасын, бұрыштарын, жоғарғы, төменгі, оң және сол жақтарын ажыратуға үйрету. Сурет салу барысында қағазға жуан сызықтарды сызарда қылқаламды көлденең, ал жіңішке сызықтар мен нүктелерді сызу үшін тігінен ұстап, суреттерді бояғанда бір бағытта солдан оңға қарай, жоғарыдан төмен қарай,қиғашынан жүргізіледі. **Мүсіндеу «Өрнектер»** Халықтық ойыншықтар желісі бойынша бейнелер жасауға үйрету. Мүсінді бейнені безендірудің тәсілдерін өз қалауы бойынша таңдауды ұсыну. **Жапсыру** **«Әдемі орамал»** **(ұжымдық панно)** Ұжымдық панно жасауға үйрету. Үлгілер және трафареттермен, дайын киім үлгісімен жұмыс істеу. Геометриялық элементтерден (шеңберлер, шаршылар, сопақшалар) өрнектер құрастыру, заттарды қазақ ою-өрнектерімен безендіру **Музыка** **«Өзіңе және өзгелерге көмектес»** 1.Ән -күйлерді тыңдау , қабылдау, есте сақтау және музыкалық жанрды ажырата білуге үйрету. Бейнелі қимылдардыбере білуге талпындыру. Үлкендерге, кішілерге сыйластық , мейірімділікпен қарауға , әдептілікке баулу. Біздің оркестр , ар түрлі аспаптарда , бір-бірін тыңдап , ырғақты сақтап ойнауға баулу. 2.Ән -күйлерді тыңдау , қабылдау, есте сақтау және музыкалық жанрды ажырата білуге үйретуді жалғастыру. Бейнелі қимылдардыбере білуге талпындыру.Үлкендерге, кішілерге сыйластық, мейірімділікпен қарауға, әдептілікке баулу. Біздің оркестр, ар түрлі аспаптарда, бір-бірін тыңдап , ырғақты сақтап ойнауға баулу. **«Би үйренейік» вариативтік компонент«Көкпар»бині 22-23 такт** Балаларға би қимылдарын музыка сәйкес орындауға. Үйрету. Шығармашылық қабілеттерін дамыту. **«Сиқырлы бояулар» вариативтік компонент «Аквариум»** Алақанды бояуға батырып ақ қағаз бетіне қолын бастыру арқылы балықтың суретін бейнелей білуге үйретуді жалғастыру. Балықтың көзін, аузын, аквариум ішіндегі өсімдіктерді фламастерді пайдалана отырып аяқтау.	**Өзін өзі тану** **"Туғандар мен туыстар** «Өзара сыйластық» ұғымының адамгершілік құндылық ретіндегі мәнін түсіндіру; туыс,туысқан ұғымы жайлы түсінік беру; туыстарға деген сыйластық қарым-қатынастарын дамыту; өзара сыйластыққа тәрбиелеу.

Такырыпша: «Біз еңбекқор баламыз» **Мерзімі: 15-19.11**

		Дене шынықтыру 1.Сапқа тұру (далада) 2–2,5 м арақашықтықтағы нысанаға құм салынған қапшықты лақтыруды үйретуді жалғастыру. Қатарда – қолды алға созып тік тұруға үйрету 2. Еңбектеу.Лақтыру Бүйірімен еңбектеуге үйретуді жалғастыру. Жіптің үстінен лақтыруды үйретуді жалғастыру. **Қауіпсіз мінез-құлық негіздері** **Күн, ауа және су-біздің ең жақсы достарымыз.** Табиғи факторлардың көмегімен шынығудың ережелері және маңызы.Балаларды табиғи факторлардың, алуан түрлі жаттығулардың көмегімен ағзаны шынықтыру ережелерімен таныстру. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру; салауатты өмір салтын, өз денсаулығын сақтау дағдыларын дамыту. Өзінің денсаулығына және қоршаған табиғатқа ұқыпты қарауға тәрбиелеу.	**Сөйлеуді дамыту** **«Біз еңбекқор баламыз»** **(сурет арқылы әңгіме құрастыру)** Шығармашылық әңгімелеп беруді жетілдіру: ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және соңын ойдан шығару; сипаттау және хабарлау әңгімелерін шығару, байланысқан бірізді сюжетті құрастыру, сөйлегенде бейнелеуіш сөздерді, эпитеттерді, салыстыруларды қолдану **Орыс тілі** Просмотр мультфильма «Курочка Ряба». Расширение кругозора детей обсуждая поступки героев мультфильмов. Обучение умению называть группы предметов ближайшего окружения; предметы по величине и по цвету. Развивать мышление, речь **Сауат ашу негіздері** **«Б» дыбысы мен әрпі** Б әрпімен таныстыру, э дыбысының жіңішке айтылатын дауысты дыбыс екенін анықтау.Дыбыстық талдауды дұрыс талдай білуге тәрбиелеу.Дәптермен жұмысты ұқыптылықпен орындай білуге қалыптастыру. **Дыбыстық талдау «АРА»** **Дауысты және дауыссыз дыбыстар. «Р» дыбысы** Дауысты және дауыссыз дыбыстардың негізгі ерекшеліктерімен таныстыру. Балаларды сөздегі дыбыстардың бірізділігін белгілеуге үйрету. Дыбыстық құрылымы әртүрлі үш дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасауға, дыбыстардың айтылу және дыбысталу ерекшеліктерін талдауға үйрету. Қаламды немесе қарындашты дұрыс ұстауға үйрету. **Көркем әдебиет** **«Түлкі мен тырна» ертегісі** жаңа ойын әрекеттеріне ойыншықтармен, заттармен таныс әрекеттерді жеткізуге үйрету; театрландырылған әрекеттің алуан түрлі тәсілдерін және жанрларын (қуыршақ) меңгеру. өз ойын айта білу, басқалардың пікірін тыңдай білу	**10 саны** Көрнекі негізінде 7, 8, 9, 10 сандарының пайда болуымен таныстыру. 10 көлеміндегі санды тура және кері санауға үйрету. Заттардың (5 және одан артық) ұзындығын белгілей білуге, заттарды шамасына қарай өсу және кему ретімен орналастыруға үйрету. **Жаратылыстану** **Табиғатты бақылау күнтізбесі** табиғатты бақылау күнтізбесін жүргізе білуді жаттықтыру. Себепсалдар байланыстарын орната білуді жетілдіру.	**Сурет салу «Пиала»** Балаларға түрлі материалдар: қарындаштарды, бояуларды қолдануды үйрету. Түзу сызықтардың түрлі байланыстарымен құрылған қазақтың (1–2) өрнектерінің суретін салу. Элементтерді пішіндер мен сұлбалардың ортасы мен шеттеріне орналастыра білу. Қазақ оюларының көптүрлілігі туралы түсініктерін кеңейту, ерекшеліктері мен оларға тән элементтерін қолдана отырып, құрастыра білу іскерліктерін дамыту. **Жапсыру «Алдар Көсенің шапаны»** қатпарланып бүктелген қағаздан бірдей бірнеше пішіндерді және екіге бүктелген қағаздан симметриялы пішіндегі заттарды қиюды; ұлттық кілемдерді, заттарды бірнеше бөліктерден бейнелей білуді бекіту **Мүсіндеу** **«Дастарханды дайындайық»** Біртекті заттардан сюжеттер жасау, бірнеше пішінді бір тұтырға орналастыру **Музыка** **«Елтаңбасы елімнің»** **(Өлеңін жазған: С. Қалиев; музыкасын жазған: Д. Омаров)** 1.Музыкаға әсерлену , ырғақтық, динамикалық есту қабілеттерін дамыту. Әнді түсіне сергек, жігерлі орындауға баулу. Музыка ырғағына қарай адымын жеңіл, ширақ орындауға талпындыру. Музыкалық ойын арқылы балаларды ептілікке баулу. Оркестрді жалғастыру. 2.Музыкаға әсерлену , ырғақтық, динамикалық есту қабілеттерін дамытуды жалғастыру. Әнді түсіне сергек, жігерлі орындауға баулу. Музыка ырғағына қарай адымын жеңіл, ширақ орындауға талпындыру. Музыкалық ойын арқылы балаларды ептілікке баулу. Оркестрді жалғастыру. **«Би үйренейік» вариативтік компонент «Көкпар»биі 24-27 такт** Балаларға би қимылдарын музыка сәйкес орындауға үйрету. Шығармашылық қабілеттерін дамыту. **«Сиқырлы бояулар» вариативтік компонент** **Жабайы аңдар. Түлкі, қасқыр, қоян, аю** Гуашпен сурет салу. Сурет салудың анималистикалық жанрымен таныстыру. Аңдардың кескіндемесінде, мүсінге және графикаға тән бейнені бере білу. Бірізділікті, жүйелілікті сақтау	**Өзін өзі тану** **Отбасылық мерекелер** «Отбасы» құндылығы туралы түсініктерін кеңейту;қуанышты көңіл-күй сыйлау дағдыларын қалыптастыру; отбасы мүшелеріне деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу **Қоршаған ортамен танысу** **Табиғат** Экологиялық мәдениет негіздерін қалыптастыру. Табиғат бұрышын мекендеушілерге күтім жасау дағдыларын қалыптастыру. Табиғатта қауіпсіз мінез-құлық негіздерін тәрбиелеу; жануарларға күтім жасаудың қарапайым тәсілдерін үйретуді жалғастыру; тіршілік иелеріне жанашырлық, қамқорлық жасауды тәрбиелеу; табиғатқа зиян келтіруі мүмкін жағдайлар мен әрекеттері туралы білім беру.

	Тақырыпша: «Гүлдене бер, менің Қазақстаным!» Мерзімі: 22-26.11	1.Секіру. Сапқа тұру (далада) Оң және сол аяқтарымен кезектесіп заттар арасымен (арақашықтығы 3 м) секіруді үйретуді жалғастыру. Сап түзеуден үш қатармен қайта тұруға үйрету 2.Секіру. Футбол Оң және сол аяғын кезектестіріп секіруді үйретуді жалғастыру. Доппен затты айналдыра жүруге үйретуді жалғастыру. 3. Өрмелеу Хоккей. Көлбеу басқышқа шығуға үйретуді жалғастыру. Берілген бағытта, қақпаға доптаяқпен шайбаны сырғанату, оны қақпаға енгізуді үйретуді жалғастыру.	**«Менің Отаным»** Тыңдау және тілді түсіну дағдыларын қалыптастыру, диалог түрінде сөйлеуге үйрету. Негізгі ойды дұрыс жеткізуге, монологтық ойларын байланыстырып құра білуге, әңгімені бірізді және нақты айтуға, шағын сипаттау және хабарлау әңгімелерді құрастыруға үйрету; **Көркем әдебиет** **«Қазақстан жалауы» Е.Ертілеұлы (өленді жаттау)** Балаларды дауыс ырғағымен мәнерлей оқи отырып, логикалық екпінмен, үзілістермен жаттауға, балалардың өлең мазмұнына деген қатынасын беруге, тілдік бейнелілігін сезінуге баулу **Орыс тілі** **Путешествие в историю** Разучивание с детьми стихов о своей Родине. Воспитывать Чувство гордости за свою Родину – Республику Казахстан **Сауат ашу негіздері** **«С» дыбысы мен әрпі** [с] дыбысымен және әрпімен таныстыру С дыбысынан басталатын сөздерді ойлатқызу.Дыбыстық талдау жасай білуге дағдыландыру.Сөздерді буындап оқи білуге тәрбиелеу. **Дыбыстық талдау «ОРА»** **«Р» дыбысы** **Қолды жазуға дайындау.** дыбыстық құрылымы әртүрлі үш дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасауға, дыбыстардың айтылу және дыбысталу ерекшеліктерін талдауға үйрету; Жазу кезінде арқаны және қолдарды дұрыс ұстау ережелерімен таныстыру. Қаламды немесе қарындашты дұрыс ұстауға үйрету.Ұзын және қысқа таяқшалар мен ирек сызықтарды жазуға жаттықтыру арқылы ұсақ қол қимылдарын дамыту.	**ұғымдарды қалыптастыру** **Тура және кері санау** Математикалық терминдерді қолдана білуді қалыптастыру. 10-ға дейінгі сандар мен цифрлар туралы ұғымдарын қалыптастыру, оларды тану және атай білуді үйрету. Заттарды шамасына қарай өсу және кему ретімен орналастыруға үйрету. Уақыт ұғымдары туралы білімдерін бекіту. Таңертең, түс, кеш, түн мезгілдері тәулікті құрайтыны туралы ұғымдарын қалыптастыру. **Жаратылыстану** **Өмір сүру салтының ерекшеліктері** табиғатты бақылау күнтізбесін жүргізе білуді жаттықтыру. Себепсалдар байланыстарын орната білуді жетілдіру. Тірі нысандардың өсіп, өнуі үшін су, жарық, ауа, қорек және айналасындағылардың қамқорлығы қажет екенін туралы білім беру. **Құрастыру** **Үй жиһаздары** Құрастыру бөлшектерінің негізгі бөліктерін және оған тән бөлшектерін анықтай білуге үйрету. Дағдыларын қалыптастыру: 1) болашақта жасалатын құрылысты талдай білу, оларды орындау реттілігін белгілеу және оның негізінде нысан жасау; 2) шамасы бойынша әртүрлі құрылыстардың нұсқаларын жасай білу; түрлі үйлестіру арқылы сіріңке қораптарынан заттар құрастыру	**Сурет салу** **«Гүлдене бер, Казахстан»** **(ұжымдық жұмыс)** Бейнені айқындау құралдарын, ересектердің еңбегін, қоғамдағы оқиғаларды қолдана отырып, балаларды алған әсерлерін көрсете білуге үйрету. Бір мазмұнға біріктіре отырып, бірнеше заттардың суреттерін бейнелей білуге үйрету. Заттардың шамасы мен үйлесімділіктегі айырмашылығын бере білуге үйрету. Бояумен жұмысты жетілдіру (бояудың қажетті қоюлығын алу үшін, акварель бояуын сумен араластыру). **Мүсіндеу «Байтерек»** Балаларды мүсіндеудің таныс әдістерін қолдануды және заттардың өлшемдік қатынастарын бере білуге жаттықтыру. Бейненің ерекше қасиетін,сырт келбетін әдемі безендіруге үйрету. **Жапсыру«Домбыра»** түрлі пішіндегі қағазда таныс геометриялық элементтерден өрнек құрастыруды үйрету; бөліктерден бейнелерді құрастыру. **Музыка «Қыс»** **Өлеңін жазған: Ш. Ахметов; музыкасын жазған: Б. Ерзакович** 1.Әннің орындалуын , музыкалық жанрды ажырата білу қабілеттерін дамыту. Іуенді қимыл - қозғалыста музыканың басталуын , аяқталуын ести және бере білуге дағдыландыру. Күйші - композиторлардың өмірі мен шығармашылығын таныстыра отырып, аспапта шығармаларын ойнап көрсету. 2.Әннің орындалуын , музыкалық жанрды ажырата білу қабілеттерін дамытуды жалғастыру. Іуенді қимыл - қозғалыста музыканың басталуын , аяқталуын ести және бере білуге дағдыландыру. Күйші-композиторлардың өмірі мен шығармашылығын таныстыра отырып, аспапта шығармаларын ойнап көрсету. **«Би үйренейік» вариативтік компонент «Вальс » биі 1-4 такт** Балаларға би қимылдарын музыка мазмұнына сәйкес орындауға үйрету. Шығармашылық, қабілеттерін дамыту. **«Сиқырлы бояулар» вариативтік компонент Жаңа жылдық шырша** Алақан, жұдырық және саусақпен сурет салуды үйретуді жалғастыру.	**Өзін өзі тану** **Отбасының әлемі** «Бақыт», «қуаныш» құндылықтарының мәнін түсіндіру; отбасында үйлесімді қарым-қатынас жасауға үйрету; отбасы мүшелеріне қамқорлық, жанашыр сезімдерін дамыту. !

Әлеуметтік

2021 ЖЫЛ ЖЕЛТОҚСАН АЙЫ

МАҚСАТЫ: Қыстағы табиғат құбылыстарымен, оның өзгерістерімен, қыстың қызықты мерекелерімен және ермектерімен таныстыру.

ӨТПЕЛІ ТАҚЫРЫП: ҚЫЗЫҚТЫ ҚЫС МЕЗГІЛІ!	Тақырыпша: «Жануарлар қысқа қалай дайындалады?» Мерзімі:29-03.12	**Денсаулық** **Дене шынықтыру** Секіру.Биіктіктен секіру, 20 см дейінгі биіктіктікке секіруді үйретуді жалғастыру. **Қауіпсіз мінез-құлық негіздері** **Қоғамдық орындарда өзін ұстау ережелері.** Киімді күту. Көшеде, қоғамдық орындарда кейбір қауіпсіздік ережелерімен таныстыру Балаларды жақсы мен жаман ажырата білуге үйрету; қоғамдық орындарда өзін ұстау, киімді күту ережелерімен таныстыру; мәдени-гигиеналық дағдыларын жетілдіру; тәртіптілікке, ізгілікке, ұмтылдыру, есте сақтау қабілеттерін артыру; қоғамдық орындарда өзін мәдениетті ұстауға, ұқыптылыққа, дербестікке тәрбиелеу.	**Қатынас** **Сөйлеуді дамыту** **«Жануарлар қысқа қалай дайындалады?»** берілген дыбысқа сөз таңдауға, сөздерді дыбысталуы бойынша салыстыра білуге үйрету. түбірлес сөздерді жасау және қолдану біліктерін, етістіктерді жалғаулармен қолдану, тілдік этикетті, жай және күрделі сөйлемдерді қолдану дағдыларын қалыптастыру. **Орыс тілі** **Орман тұрғындары** Разучивание с детьми песни на русском язык, правильно произносить звуки, строить предложения. . **Сауат ашу негіздері** **«Е» дыбысы мен әрпі** Е әрпімен таныстыру, дыбыстардың әртүрлі айтылатынын ұғындыру.Дауысты дыбысқа жататынын айту.Сөздерді буындап оқи білуге 2-27тәрбиелеу.Сөздерді қызығушылықпен оқи білуге қалыптастыру.Әріптерді түзу,көркем жаза білуге тәрбиелеу. **Екпінді буын. «О» дыбысы** екпінді буынды естуді және анықтай алуға үйрету. Балаларды сөздегі дыбыстардың бірізділігін белгілеуге үйрету. Жуан және жіңішке дыбыстарды ажырата білуге үйрету	**Математика негіздері** Әртүрлі арқашықтықта орналасқан заттардың тең немесе тең еместігін анықтау, заттың орналасқан орнын анықтау. Заттардың (5 және одан артық) ұзындығын, жуандығын белгілей білуге үйрету. Заттардың салмағын өлшеміне қарай алдымен қарама-қарсы көрсеткішпен тең және тең еместігін алақанына салып өлшеп анықтауға үйрету. **Жаратылыстану** **«Боран қалай әндетеді?»** **Қар және су.** табиғаттағы маусымдық өзгерістерді байқауға, айырмашылықтарын ажырата білуге үйрету. Табиғатты бақылау күнтізбесін жүргізе білуді жаттықтыру. Себепсалдар байланыстарын орната білуді жетілдіру. Таныс материалдармен дербес эксперимент жасай алу қабілеттерін арттыру.	**Шығармашылық** **Сурет салу «Қысқы орман»** бір мазмұнға біріктіре отырып, бірнеше заттардың суреттерін бейнелей білуге үйрету. табиғаттан алған әсерлерін көрсете білуге үйрету **Мүсіндеу «Бұғы»** **(дымков ойыншығы).** Балаларды халық ойыншықтарымен таныстыру, ойыншықтарды мүсіндеуге үйрету. Халықтық ойыншықтар желісі бойынша бейнелер жасауға үйрету. Мүсінді бейнені безендірудің тәсілдерін өз қалауы бойынша таңдауды ұсыну. **Жапсыру «Үш аюдың ыдысы»** ас тақтайшаларын, сүлгілерді, құршақтарға арналған ыдыс-аяқтарды, ыдыс-аяқ сақтайтын сөмкелерді жасауға үйрету **Музыка «Жаңа жыл келді»** **(Өлеңін жазған: Д. Қанатбаев; музыкасын жазған: И. Нүсіпбаев)** 2.Музыканың динамикалық және қарқындық өзгерістерін сезініп , салыстырып, сәйкес қимыл жасауға , әнді көңілді, ынталы орындауға төселдіруді жалғастыру. Туған жеріне	**Әлеумет** **Қоршаған ортамен танысу** **Менің Отаным – Қазақстан. Қазақстан республикасының әскері** Отан туралы, мемлекеттік және халықтық мерекелер, еліміздің рәміздері туралы білімдерін кеңейту. Қазақстан Республикасының Президенті, оның халыққа қызмет ететіндігі, өз халқының түрлі мәселелерін шешетіндігі туралы түсінігін қалыптастыру; Қазақстан Республикасының рәміздерін танып, мемлекеттік Әнұранды орындағанда орындарынан тұрып, оң қолдарын кеуделерінің сол жақ бөлігіне қою, ер балалар бас киімдерін шешетінін білу керектігін түсіндіру. Мемлекеттік мереке Тәуелсіздік күні туралы түсініктерін қалыптастыру. Халықтық мерекелер туралы түсініктерін кеңейту, өлеңдерді, әндерді, билерді жаттатқызып, үйрету арқылы балаларды мерекелерге қатысуға белсенділік танытуға баулу. Ел қорғаудың ардақты міндет екендігін түсіндіру арқылы

					би ырғақтарын орындауға төселдіру. Ойын арқылы есту , тану қабілетте	әскері туралы түсініктерін кеңейту. Ұлы Отан соғысы жылдарында ел қорғаған қазақстан жауынгерлерімен таныстыру..

	Тақырыпша: «Бүтін біздің мереке» Мерзімі: 06-10.12	**Дене шынықтыру** 1. Жүру. Сапқа тұру (далада) Адымдап алға қарай жүруді үйретуді жалғастыру. Сапқа тұру, қимыл үстінде оңға, солға бұрылуға үйрету 2.Жүру «Городки». Белгі бойынша бір қатармен бір-бірлеп жүруді жалғастыру. «Городки». Бастапқы қалыпты дұрыс ұстап тұрып, таяқты бір қырындап лақтыруға үйрету. 3–4 пішінді білу. Қалашықты (2–3 м) және (5–6 м) аралықтан таяқ лақтырып құлату. 3. Жүгіру Заттарды аттап өтіп бір-бірден бір қатарда жүгіруді жалғастыру.	**Сөйлеуді дамыту** **«Бүгін біздің мереке»** алуан түрлі заттарды сипаттауға, қарым-қатынас жасауға қажетті сөздерді қолдану және түсіну, оларды сөйлеуде белсенді қолдану дағдыларын қалыптастыру. Жай және күрделі сөйлемдерді қолдану дағдыларын қалыптастыру; Қоршаған орта жайлы білімдерін, ұғымдарды қалыптастыру барысында сөздік қорды байыту және дамыту **Орыс тілі** **Моя Родина – Казахстан** Дать детям понятие о том что в республике Казахстан проживает в дружбе и согласии много национальностей. Разучить о родине пословицы. Воспитывать любовь к Родине, свой родной земле. **Сауат ашу негіздері** **«І» дыбысы мен әрпі** [і] дыбысымен және әрпімен таныстыру.І әрпі неге ұқсайтынын айтқызу. І дыбысын дұрыс айта білуге тілдік моторикасын жетілдіруге тәрбиелеу. **Дыбыстық талдау «СӨЗ»** **«Жоғалған буын» д/и** **«О» дыбысы** дыбыс» терминдері туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру, дыбыстық құрылымы әртүрлі үш дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасауға, дыбыстардың айтылу және дыбысталу ерекшеліктерін талдауға үйрету; аталған дыбысқа сөз табуға үйрету. **Көркем әдебиет** **«Ата ақылы» (Т.Бейсенбеков(сайт)** қазақ халқының, ұлттар мен ұлыстардың салт-дәстүрі, тұрмыс-тіршілігі, мәдениеті туралы ауыз әдебиеті шығармалары негізінде түсінік беру. Тәрбиешінің әңгімесінің жалғасы мен соңын ойлап таба білуге, бір-бірімен байланысқан сюжет бойынша құрастыруға, әңгімелеу барысында бейнелеуіш сөздерді, эпитеттерді, теңеулерді қолдануға үйрету.	**Шама.«Сипап сезу арқылы санау»** **дидактикалық ойыны** Заттардың (5 және одан артық) ұзындығын, ені белгілей білуге, заттарды шамасына қарай өсу және кему ретімен орналастыруға үйрету. Сипап сезу арқылы санау дағдыларын қалыптастыру. Уақыт ұғымдары туралы білімдерін бекіту. Таңертең, түс, кеш, түн мезгілдері тәулікті құрайтыны туралы ұғымдарын қалыптастыру. Апта күндерін, жыл мезгілдерін атау кезінде оларды ретімен дұрыс айта білуге үйрету. **Жаратылыстану** «Ауа не үшін қажет?» Табиғат құбылыстары туралы білімдерін кеңейту, «өлі табиғат» ұғымымен таныстыру. Өлі табиғат заттарын адам қолымен жасалған заттардан ажырата білуге үйрету.Тәжірибелік жұмыстарға деген қызығушылықтарын ояту, бақылау нәтижелерін салыстыру, талдау және қорытынды жасау қабілеттерін дамыту. **Құрастыру** **Жаңа жылдық ойыншықтар.** Қағазды ортасынан, төртке бөліп бүктеуге, түрлі бағытта, тегістеп бүктей білуге үйрету. 14 бірдей бөлікке қиғаштай бөлінген (бұрыштарының басын дәл қосу) ұсақ заттарды дайындауда шаршы қағазын бүктеу біліктерін қалыптастыру.	**Сурет салу «Біздің қаланың көшелері»** Серуен кезіндегі бақылаудан кейін - ағаштың күзгі жапырақтары, үй, трамвай, автобус; серуен мен саяхат кезінде алған әсерлерін суретте бейнелеу; бірнеше біртекті заттардың мөлшеріндегі ерекшеліктерін жеткізе білу. төртбұрыш пішіндегі бірнеше заттардың көлеміндегі айырмашылықты; көлік құралдары, адамдардың тұлғасы сияқты күрделі пішіндегі бірнеше заттардың көлеміндегі айырмашылықты көре білуі; балаларды суретке карап салуға және елестете отырып (жануарлардың, адамдардың және ойыншықтардың) суретін салуға үйрету, күрделі емес қимылдарды бере білу, бейненің айқындылығына, қимыл барысында қолдың, аяқтың қалыптарының өзгеруіне қол жеткізу. **Мүсіндеу «Торсық».** карапайым қатынастарды сақтай отырып адам пішінін мүсіндеуге үйрету. **Жапсыру «Торсық»** қымыз құятын ыдыстарды (торсық) қазақ ою-өрнектерімен безендіру; еңбек қауіпсіздігі және жеке гигиена ережелерін сақтау **Музыка** **«Астана - Отанымыздың жүрегі»** 1. Тәуелсіз Қазақстан, Астана , Бәйтерек туралы түсініктерін кеңейту. Әнді қуанышты , екпіндете, жігермен орындауға төселдіру. Музыкалық аспаптарға деген қызығушылығын арттыру. Би қимылдарын көпшен бірге ілесе орындауға талпындыру. Ойын арқылы ептілікке баулу. 2. Тәуелсіз Қазақстан, Астана , Бәйтерек туралы түсініктерін кеңейтуді жалғастыру.Әнді қуанышты , екпіндете, жігермен орындауға төселдіру. Музыкалық аспаптарға деген қызығушылығын арттыру. Би қимылдарын көпшен бірге ілесе орындауға талпындыру. Ойын арқылы ептілікке баулу. **«Би үйренейік» вариативтік компонент « Вальс » би 9-10такт** Балаларға би қимылдарын музыка мазмұнына сәйкес орындауға үйрету. Шығармашылық, кабілеттерін дамыту. **«Сиқырлы бояулар» вариативтік компонент** **Туған жерімнің қысқы пейзажы** Шашырату тәсілін қолданып сурет салуға үйретуді жалғастыру. Сурет салу құралдарымен жұмыс істеу іскерліктерін жетілдіру. Ұқыптылыққа, төзімділікке тәрбиелеу	**Өзін өзі тану** Адал достар «Адалдық», «Адал дос» туралы түсініктерін кеңейту; адал дос туралы түсінік беру; адалдық қасиеттерін дамыту; адал дос болуға тәрбиелеу

	Тақырыпша: «Жаңа жылдық сыйлықтар»	**Дене шынықтыру** Жүгіру Заттарды аттап өтіп бір-бірден бір қатарда жүгіруді жалғастыру.	**Орыс тілі** **Рассказ по картине - «Елочка»** Учить составлять короткие рассказы по картинке, передавать главный сюжет. **Сауат ашу негіздері** **Дыбыстық талдау «ҚАР»** **«Қ» дыбысы** дыбыстық құрылымы әртүрлі үш дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасауға, дыбыстардың айтылу және дыбысталу ерекшеліктерін талдауға үйрету;	**Жаратылыстану** **«Күн ұры не үшін қажет?»** **Мұз, қармен тәжірибе жасау** «өлі табиғат» ұғымымен таныстыру. Өлі табиғат заттарын адам қолымен жасалған заттардан ажырата білуге үйрету. Өзіндік тәжірибеалды жұмыстарды ұйымдастыру арқылы балалардың осыған қатысты түсініктерін кеңейту.	**Мүсіндеу «Ақшақар»** Балаларды затқа қарап немесе көз алдарына елестету арқылы көлемі мен пішіні әртүрлі таныс заттарды, бейнелеуде барлық қол білектері мен саусақтарын дұрыс қозғалту техникасын сақтай отырып, мүсіндеуге; қарапайым қатынастарды сақтай отырып адам пішінін мүсіндеуге үйрету. **Жапсыру «Мерекелік ашық хат»** жаңа жылдық құттықтау ашық хаттарын жасауға үйрету. Қатпарланып бүктелген қағаздан бірдей бірнеше пішіндерді және екіге бүктелген қағаздан симметриялы пішіндегі заттарды қиюды үйрету. **Музыка** **«Ақша қар» (Өлеңін жазған: Қ. Жәленова; музыкасын жазған: Е. Өміров)** 2.Мереке туралы түсініктерін кеңейту .Әнді қуанышты , екпіндете, жігермен орындауға төселдіру.Музыкалық аспаптарға деген қызығушылығын арттыру. Би қимылдарын көпшен бірге ілесе орындауға талпындыру. Ойын арқылы ептілікке баулу.	**Қоршаған ортамен танысу** **Өлі табиғат** Табиғи нысандар мен құбылыстарды бақылау білігі мен дағдыларын қалыптастыру; аймақтарға тән өлі табиғат нысандарымен, өлі табиғаттың компоненттерімен (құм, тас және тағы басқа) және касиеттерімен таныстыру; табиғатқа зиян келтіруі мүмкін жағдайлар мен әрекеттерді, ауа мен судың ластану себептерін, себеп-салдарлық байланыстарды түсіндіру. Қоршаған ортаға және табиғатқа эмоционалды-жағымды, қамқорлық қатынасты тәрбиелеу.

Тақырыпша: «Келді міне Жаңа жыл» **Мерзімі: 20-24.12**

Дене шынықтыру

1.Сапқа тұру Шанамен сырғанау (далада) . Бір орында оңға, солға бұрылуға үйрету. Төбешіктен бір-бірлеп және екі-екіден шанамен сырғанауға, шанамен төбешікке көтерілуге үйрету.
2. Лақтыру
4 м арақашықтықтан қапшықты тік нысанаға иықтан асырып, оң және сол қолмен лақтыру,а үйрету
3. Жүгіру
Бағытсыз ирелеңдеп жүгіруге үйрету.
4.Шаңғымен сырғанау (далада)
Қадамды алмастыра жүруді үйретуді жалғастыру. Бір орнында тұрып айналып оңға, солға аттау, екі жаққа шеңбер жасауға үйрету.

Сөйлеуді дамыту

«Келді міне Жаңа жыл»

Ана тіліндегі барлық дыбыстарды айта алу дағдыларын дамыту;
дыбыстарды анық айтуды, интонацияны игеруді жетілдіру;
алуан түрлі заттарды жалпылау және сипаттау дағдыларын жетілдіру; негізгі ойды дұрыс жеткізе алуды және әңгіменің жалғасы мен соңын құрастыруды үйретуді жалғастыру.

Орыс тілі

Новый год

Постоянно упражнять в произношении изученных звуков русского языка через игры и упражнения; продолжать развивать голосовой и артикуляционный аппараты, речевое дыхание, чёткую дикцию

Сауат ашу негіздері

«Ә»дыбысы мен әрпі Ә дыбысы мен әрпімен таныстыру.Ә дыбысының дауысты дыбыс екенін түсіндіру.Ә дыбысынан келетін сөздер айтқызу.Дәптер бойынша тапсырмаларды дұрыс орындай білуге білімдерін кеңейту. Әріпті дұрыс жаза білуге тәрбиелеу.

Дыбыстық талдау

«ТОҚ» «Қ» дыбысы

қатаң және ұяң дауыссыздарды ажыратуды, үш дыбыстан тұратын сөздерге дыбыстық талдау жасауды, түрлі сызықтар, штрихтар жүргізуді жетілдіру.

Көркем әдебиет

«Әкесі мен балалары» (әңгімелеу)

Шығармалардың эмоционалды-бейнелік мазмұнын қабылдауға, әдеби жанр түрлерін ажыратуға (ертегі, әңгіме, өлең), кітаптарға қызығушылық танытуға үйретуді жалғастыру. Сюжеттік бірізділікті сақтай отырып, көңіл-күймен, қисынды мазмұндауға үйрету.

Көркем әдебиет

«Құ тұлкі мен қасқыр» ертегі

Коммуникативті –тілдік, ойын, артикуляциялық дағдылар: балалардың театрландырылған ойындарға оң көзқарастарын; таныс сюжеттер бойынша ертегілерді сахналау. Кейіпкердің ерекшеліктерін беру үшін мәнерлілік құралдарын қолдану; өзін - өзі көрсете білуде жеке шығармашылық қабілеттерін таныту.

Математика негіздері

Санның белгілі бір заттың өлшемін көрсететін көрсеткіш екендігі, жиын
түрлі элементтерден құрылатындығы жайлы түсінігін дамыту. «Бір» деген ұғым – бір ғана заттың санын ғана емес, сонымен қатар бүтін бір топтың жиынтығын да білдіретіндігін ұғындыру, 10 дейін тура және кері санау. Геометриялық пішіндер (дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш) мен денелерді (шар, куб, цилиндр) дұрыс атап, оларды бірбірінен ажырата білуге жаттықтыру

Жаратылыстану

Жыл құстары және қыстан қалатын құстар.

Викторина

өлі табиғаттың кейбір құбылыстары туралы білімдерін нығайту; таныс материалдармен дербес эксперимент жасай алу дағдыларын қалыптастыру;
суреттерден орман жидектері мен саңырауқұлақтарын тануды және атауды;
Қазақстан аумағында мекендейтін жыл құстары мен қыстайтын құстарды,
жануарлар мен олардың төлдерін атауды және ажыратуды;
тірі нысандардың өсіп, өнуі үшін су, жарық, ауа, қорек және
айналасындағылардың қамқорлығы қажет екенін туралы білімдерін тиянақтау.

Құрастыру

Сиыр

Қалдық материалдардың түрлерімен таныстыру. Ұсақ заттар дайындай білуге үйрету.



Сурет салу «Балабақшада мереке»

бейнелерді бүкіл параққа орналастыру біліктерін қалыптастыру. Балаларды
табиғаттан алған әсерлерін көрсете білуге үйрету. Бір мазмұнға біріктіре отырып, бірнеше заттардың суреттерін бейнелей білуге үйрету

Мүсіндеу«Шаңғышы»

қарапайым қатынастарды сақтай отырып адам бейнесін мүсіндеуге үйрету. Олар бақылау жасаған заттардың бейнесін жеткізе білуге, заттарды түрлі қалыпта мүсіндеуге, бейненің жеке шешімін өздігінен табуға үйрету. Сулы шүберекпен пішіннің үстінен тегістеуге және кескішті қолдануға үйрету.

Жапсыру«Жаңа жылдық ойыншықтар» (ұжымдық)

Балалардың қайшыны қолдану біліктерін бекіту: жолақшаларды тікбұрыштар етіп қию, шаршыларды үшбұрышты етіп қию, шаршы немесе тікбұрыштың шеттерін қию арқылы дөңгелек пен сопақша пішіндерді қиып алу. Бөліктерден бейнелерді құрастыру, мерекелерге арнап үй-жайды безендіру үшін ұжымдық жұмыстарды орындау

Музыка «Кел, билейік!»

(Өлеңін жазған: М. Әлімбаев; музыкасын жазған: Б. Байқадамова)

1.Қазақстан Республикасы Әнұраны, рәміздері , ҚР-ның бірінші Елбасы туралы түсінік қалыптастыру. Әнұранды мақтанышпен қабылдау, орындауға баулу. Патриоттық әндерді қуанышты, мақтанышпен орындауға төселдіру. Би жанрларын ажырата білуге талпындыру.Ұлттық ойындармен таныстыру , ойнату.
2.Қазақстан Республикасы Әнұраны, рәміздері , ҚР-ның бірінші Елбасы туралы түсінік қалыптастыруды жалғастыру. Әнұранды мақтанышпен қабылдау, орындауға баулу. Патриоттық әндерді қуанышты, мақтанышпен орындауға төселдіру. Би жанрларын ажырата білуге талпындыру. Ұлттық ойындармен таныстыру , ойнату.

Музыка «Төлдер»

(Өлеңін жазған: Ж. Өмірбеков; музыкасын жазған: Б. Ғизатов)1.Музыка арқылы ,табиғат көрінісін сезіне білуге , табиғатқа деген қамқорлық сезімдерін қалыптастыру. Әнді көңілді қуанышпен орындауға, ән ырғағына сәйкес
қимыл бере білуге төселдіру. Классикалық аспаптармен таныстыру. Музыкалық дидактикплық ойын арқылы балалардың ой-өрісін дамыту.

«Би үйренейік» вариативтік компонент

«Ирландық полька» биі 1-8 такт

Балаларға би қимылдарын музыка мазмұнына сәйкес орындауға үйрету. Шығармашылық, қабілеттерін дамыту.

«Сиқырлы бояулар» вариативтік компонент

Аққала

Шашырату тәсілін қолданып сурет салуға үйретуді жалғастыру. Сурет салу құралдарымен жұмыс істеу іскерліктерін жетілдіру. Ұқыптылыққа, төзімділікке тәрбиелеу

Өзін өзі тану

Менің кішкентай достарым

«Қамқорлық» ұғымының мәнізын түсіндіру; үй жануарларына қамқорлық көрсету туралы түсінік беру; үй жануарларымен жағымды қарым-қатынас дағдыларын дамыту; жануарларға қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу

Өзін өзі тану

Достар ғаламшары

«Достық» ұғымын, оның құндылық ретіндегі мәнін түсіндіру; достық, татулық, бірлік, ұғымдарын түсіндіру; өзара татулық сезімдерін дамыту; достықты қадірлей білуге тәрбиелеу.

2022 ЖЫЛ ҚАҢТАР АЙЫ


ӨТПЕЛІ ТАҚЫРЫП:«АЛАҚАЙ, ҚЫС КЕЛДІ!»

МАҚСАТЫ: ТАБИҒАТТАҒЫ МАУСЫМДЫҚ ӨЗГЕРІСТЕРДІ ТАНУ ЖӘНЕ АТАУ, ҚЫС ҚЫЗЫҚТАРЫН: ШАНА, КОНЬКИ, ШАҢҒЫ ТЕБУДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ

ӨТПЕЛІ ТАҚЫРЫП:«АЛАҚАЙ, ҚЫС КЕЛДІ!»	Тақырыпша: «Қыс қызығы» Мерзімі: 27-31.12	**Денсаулық** **Дене шынықтыру** 2. Домалату Құрсауларды айналдырып, олардын ішінен өтуге үйрету .	**Сауат ашу негіздері** **«Ө» дыбысы мен әрпі** Ө әрпімен таныстыру, ө дыбысының жуан айтылатын дауысты дыбыс екенін анықтау **Орыс тілі** **«Зимние забавы»** Закрепление умения составлять короткие рассказы по наблюдениям. Совершенствование элементарной разговорной речи	**Таным** **Жаратылыстану** **Өлі табиғат** Табиғат құбылыстары туралы білімді кеңейту. «Өлі табиғат» ұғымымен таныстыру, өлі табиғат заттары адам қолымен жасалған заттардан ажырата білуге үйрету.	**Шығармашылық** **Жапсыру «Ақшақар»** күрделі жапсырмалар құрастыру біліктерін қалыптастыру, жырту тәсілімен бейнелерін жасауға үйрету.	**Әлеумет**

	Тақырыпша: «Қыстап қалатын құстар» Мерзімі: 03-07.01	**Дене шынықтыру** 2. Жүгіру Тізені жоғары көтере отырып жүруге үйретуді жалғастыру 3. Секіру Бір орыннан ұзындыққа секіруді жалғастыру **“Соқыр теке” ойыны** Есту, сезу қабілеттерін, зейінділік пен тапқыр-лықтарын дамыту. **Қауіпсіз мінез-құлық негіздері** **Менің күн тәртібім** Балаларды «күн тәртібі» ұғымымен, гигиеналық талаптармен таныстыру. Салауатты өмір салтын сақтау, күн тәртібін, өз айналасындағы адамдардың денсаулығын күту қажеттігі туралы түсініктерін дамыту. Сөздік қорын байыту, өз денсаулығына мұқият қарауға тәрбиелеу.	**Сөйлеуді дамыту** **«Қыстап қалатын құстар»** Сөйлеуді дамыту Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын дамыту және жетілдіру, дауыссыз с-ц, ж-з дыбыстарды есту бойынша ажыратуға жаттықтыру; дыбыстардың сөздегі орнын, , сөздегі буындардың санын, екпінді буынды, сөйлемдегі сөздердің санын анықтау дағдыларын қалыптастыру. **Орыс тілі** **Зимующие птицы** Закрепление умения составлять короткие рассказы по картинке. Совершенствование элементарной разговорной речи.Закреплять знания детей о птицах, обитающих в Казахстане, учить правильно называть их на русском языке. Обогощать словарь детей новыми словами и фразами: перья, клюв, крыля, хвост, клевать **Сауат ашу негіздері** **«Ү»дыбысы мен әрпі** Ү дыбысы мен әрпімен таныстыру. Ү дыбысының дұрыс айтылуын қадағалау.Тілдік моторикасын дамыту. **Дыбыстық талдау** **«МАЙ», «МАСА»** **«М» дыбысы** дыбыстық құрылымы әр түрлі үш және төрт дыбыстардан тұратын сөздерге дыбыстық талдау жасауды жетілдіру; сөйлем туралы алғашқы түсініктерін қалыптастыру. Кеңістіктік қатынас орнатуды, қағаз бетінде бағдарлай білуді үйрету. Сурет салу арқылы ырғақты жекелеген элементтерді құрайтын қарапайым жиектерді сала білуге үйрету	Геометриялық пішіндер мен денелерді атап, ажырата білуге жаттықтыру. 10 саны көлеміндегі сандар мен цифрлар туралы ұғымдарын қалыптастыру, оларды танып және атай білуге үйрету. 10 көлеміндегі санды тура және кері санауға жаттықтыру; қарапайым есептерді шешуді және сезу арқылы санауды үйрету . **Жаратылыстану** **Үй жануарлары** Жылдың түрлі мезгілінде жануарлардың сыртқы келбеті мен өмір сүру салтының ерекшеліктерін атап көрсету және сипаттауға үйрету; табиғат бұрышын мекендеушілер туралы (қалтауыз, теңіз шошқасы) **Құрастыру** **Жаяу жүргіншілерге арналған көпір** берілген тақырып бойынша, сөзбен сипаттау, сурет, фотосурет бойынша құрылыс салуға үйрету; өз құрылысын талдай білуді бекіту және талдау негізінде құрылымдық шешімдер табу, оларды құру кезеңдерін жоспарлау.	**ет салу «Бұтақтағы құс»** Ағаштың бұтақтарына қарап сурет салу. Қауырсынды тән бейнелеуді үйрету. Құстардың сыртқы бейнесі туралы жалпы ұғым қалыптастыру; барлық құстар сыртқы ерекшеліктеріне қарамастан құрылымы жағынан ұқсас болып келеді, түсіне, пішіні мен бөліктері жайлы түсініктерін қалыптастыру. Суретте түрлі құстарға тән ерекшеліктерін бере білуге үйрету. **Мүсіндеу «Құс» дымков ойыншығы** ойыншықтардың, халық шығармашылығының заттарын қарап мүсіндеу дағдыларын дамыту. Кеуде, бас және басқа да бөліктерді мүсіндей білуге, мүсіндеу тәсілдерін іріктеуде дербестікті білдіру, сазбалшықты бөлуге, өз жұмысын алдында тұрған үлгімен салыстыруға үйрету. Мүсіндеудің түрлі әдістерін қолдану: құрылымдық (жеке бөліктерден) және мүсіндік (негізгі бөліктерді тұтас кесектен жасайды). **Жапсыру «Қысқы табиғат» (ұжымдық)** Балалардың жапсыруда сюжетті композиция құрастыра білулерін жетілдіру, Қазақстанның табиғатын бейнелейтін ұжымдық композицияларды орындау. **Музыка «Ақ лақ»** **(Өлеңін жазған: Т. Рахимов ; музыкасын жазған: Р. Байқоңыров).** 1.Музыкадағы бейнелерді танып, ажыратып, әр жануарға тән қимылды бейнелей білуге үйрету. Ән ырғақтарын анық, дұрыс сақтап орындау.. Ұрмалы аспапта әуеннің ырғағын көрсете білуге, металлофонда орындауға талпындыру. Музыкалық ойын арқылы балаларды шапшандылыққа талпындыру. **«Би үйренейік» вариативтік компонент** **«Ирландық полька» биі 27-34 такт** Балаларға би қимылдарын музыка мазмұнына сәйкес орындауға үйрету. Шығармашылық, қабілеттерін дамыту. **«Сиқырлы боялар» вариативтік компонент** **Көбелектер (ұжымдық жұмыс)** Гуашқа батырып трафаретпен көбелектің суретін салу. Ұжымда жұмыс істеуге тәрбиелеу. Шығармашылық қабілетін жетілдіру.	**Өзін өзі тану** Достар ғаламшары «Достық» ұғымын ,оның құндылық ретінде мәнін түсіндіру .Достық татулық,бірлік,ұғымдарын түсіндіру .Өзара татулық сезімдерін дамыту.Достықты қадірлей білуге тәрбиелеу.Ойын «Менің досым» Мақсаты достық сезінің мағынасын түсіндіру.

	Тақырыпша: «Қар не үшін керек» Мерзімі: 10-14.01	**Дене шынықтыру** 1.Шаңғымен сырғанау (далада) Оң және сол аяқтарымен сырғанай отырып, бірінің артынан бірі кезектескен адыммен алға жылжуды үйретуді жалғастыру. Қиылысқан бос жерлермен жүру. 2. Жүгіру Кегльдер арасымен жүре отырып жүгіруді үйретуді жалғастыру	**Сөйлеуді дамыту** **«Ашақ қар айнала»** дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын дамыту және жетілдіру. Сөздерді дыбысталуы бойынша салыстыра білуді, берілген дыбысқа сөздерді таңдау, сөздерге дыбыстық талдау жасау дағдыларын дамыту. Сөздерді түрлендіруге сыни көзқарасын және қызығушылықты, дұрыс сөйлей білуге деген ұмтылысты тәрбиелеу. **Көркем әдебиет** **«Батпан құйрық» ертегісі** Коммуникативті –тілдік, ойын, артикуляциялық дағдылар балалардың театрландырылған ойындарға оң көзқарастарын. Театрландырылған өнердің алуан түрлі тәсілдерін және жанрларын (аңдар театры) меңгеру **Орыс тілі** **Снег** Расширение и обогащение словарного запаса; упражнение в умении признаки времен года и отдельные явления природы. закрепление умения называть некоторые свойства и цвета предметов; формирование умение понимать и применять знакомые слова в повседневной жизни. **Сауат ашу негіздері** **«У» дыбысы мен әрпі** Айтылу ерекшеліктеріне байланысты [у] дыбысының дауысты дыбыс екенін өздеріне анықтату,У әрпімен таныстыру.Ауада,дәптерге дұрыс жаза білуге тәрбиелеу.Әріптерден құралған буындарды жатқа білуге білімдерін кеңейту **Сөйлем. Бұын. «М» дыбысы** дыбыстық құрылымы әр түрлі үш және төрт дыбыстардан тұратын сөздерге дыбыстық талдау жасауды жетілдіру; сөйлем туралы алғашқы түсініктерін қалыптастыру. Кеңістіктік қатынас орнатуды, қағаз бетінде бағдарлай білуді үйрету. Сурет салу арқылы ырғақты жекелеген элементтерді құрайтын қарапайым жиектерді сала білуге үйрету	тең туралы ұғымдарын қалыптастыру, топтағы әр түрлі заттардың тең мөлшерін анықтай білуге үйрету, топтарды санау мен салыстыру арқылы санның мағынасын дұрыс жалпылау; бірінің үстіне бірін қою арқылы салыстыру. **Жаратылыстану** **Табиғаттағы маусымдық өзгерістер** Табиғат туралы қарапайым білімдерін меңгеру. Табиғаттағы маусымдық өзгерістерді байқауға, айырмашылықтарын ажырата білуге үйрету жабайы жануарлардың өмірі туралы түсінікті кеңейту. Жылдың түрлі мезгілінде жануарлардың сыртқы келбеті мен өмір сүру салтының ерекшеліктерін атап көрсету және сипаттауға үйрету.	**Сурет салу «Ұлпа қар»** Қоршаған ортадағы болмысты, елестету арқылы бейнелеу дағдыларын қалыптастыру. табиғат нысандарын бейнелеу. Түрлі пішінді қағазда симметриялық ою-өрнектерді құрастыра білуге тәрбиелеу, көлемді пішіндерді безендіру. Өз ойлары бойынша сурет салу, алдыңғы сабақтардағы суреттерін үлгі ретінде қолдана отырып, жаңа композиция құру және заттарды әшекейлеу. **Мүсіндеу «Мұздан жасалған үйшік»** Ертегілер мен әңгімелердің мазмұны бойынша сюжеттік композиция жасау дағдыларын жетілдіру **Жапсыру «Қысқы орман»** түрлі пішіндерді қию дағдыларын бекіту: симметриялық емес сұлбаларға салынған немесе қиялдағы сұлбалармен қию дағдыларын қалыптастыру. **Музыка** **Ғажайып қыс** 1.Әуен сазынан қыс көріністерін естіп білуге оны қимыл -қозғалыспен бейнелей білуге үйрету. Көңілді әнді әсерлі етіп айтуға дағдыландыру. Ұрмалы аспаптармен әуенге қосылып , ырғақты дұрыс ұстауға , еркін орындауға тәсілдіру. Би қимылдарын нақышына келтіріп орындау. 2. Әуен сазынан қыс көріністерін естіп білуге оны қимыл -қозғалыспен бейнелей білуге үйретуді жалғастыру. Көңілді әнді әсерлі етіп айтуға дағдыландыру. Ұрмалы аспаптармен әуенге қосылып, ырғақты дұрыс ұстауға , еркін орындауға тәсілдіру. Би қимылдарын нақышына келтіріп орындау. **«Би үйренейік» вариативтік компонент** **«Торсықпен » биі 1-такт** Балаларға би қимылдарын музыка мазмұнына сәйкес орындауға үйрету. Шығармашылық, қабілеттерін дамыту. **«Сиқырлы бояулар» вариативтік компонент** **Менің сүйікті көйлегім (жейде)** Саусақпен сурет салу іскерлігін жетілдіру. Көйлекті қарапайым (печатка арқылы) өрнекпен безендіру. Безендіру кезінде үлкен өрнекті ортаға, кішкене өрнектерді шеттеріне орналастыру (гүл, жапырақ және т.б).	**Өзін өзі тану** **Барлығы амандасудан басталады** Балаларға сәлемдесу, амандасу туралы түсінік беру. Балаларды сәлемдесе білуге үйрету. Балалар бойындағы жақсы қасиеттерді дамыту. Әдептілікке тәрбиелеу **Қоршаған ортамен танысу** **Өлі табиғат** Өлі табиғаттың түрлі нысандарын бақылау. Табиғи нысандар мен құбылыстарды бақылау білігі мен дағдыларын қалыптастыру. Адам өміріндегі және өсімдіктер тіршілігіндегі судың маңызы туралы білімдерін қалыптастыру

	Тақырыпша: «Қыс өрнегі» **Мерзімі:17-21.01**	**Дене шынықтыру** 1.Секіру Шанамен сырғанау. (далада) Бір орында және 6–8 м қашықтыққа алға қарай жылжу арқылы секіруді жалғастыру. Шанамен төмен сырғанау кезінде тежеуге үйрету. Бір-бірін сырғанату. Шанамен төбешікке көтерілу. 2. Секіру Екпінмен ұзындыққа секіру 3. Лақтыру Допты бір қолмен еденнен ырғытып, қос қолмен қағып алуға үйрету **Қауіпсіз мінез-құлық негіздері** **Адамның денесі. Мен кіммін?** Мен өз денемді қалай күтемін? Адамның дене құрылысы, оның маңызды мүшелері туралы білімдерін қалыптастыру. Өз денесін күтуге деген құлшыныстарын дамыту.	**Сөйлеуді дамыту** **Қыс өрнегі** Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын дамыту және жетілдіру, дауыссыз с-ц, ч-ц, дыбыстарды есту бойынша ажыратуға жаттықтыру. Жалпылаушы сөздерді қолдана білуді жаттықтыру, түрлі логикалық топтарға жататын заттарды атай білуге үйрету. Сөздердегі дұрыс емес дауыс екпініндегі, дауыссыздардың ауысуындағы қателерді байқауды дамыту. **Неживая природа** Расширение и обогащение словарного запаса; упражнение в умении называть группы предметов ближайшего окружения. Закрепление умения называть некоторые свойства и цвета предметов; формирование умение понимать и применять знакомые слова в повседневной жизни **Сауат ашу негіздері** **«Т» дыбысы мен әрпі** [т] дыбысымен және әрпімен таныстыру.Т дыбысының неге ұқсайтынын сұрау.Буындарды бөлуге білімдерін кеңейту.Дыбыстардың айтылуын қалыптастыру. **Дыбыстық талдау** **«БЕР». Буын.** **«Б» дыбысы** дыбыстық құрылымы әр түрлі үш және төрт дыбыстардан тұратын сөздерге дыбыстық талдау жасауды жетілдіру; сөйлем туралы алғашқы түсініктерін қалыптастыру. Кеңістіктік қатынас орнатуды, қағаз бетінде бағдарлай білуді үйрету. Сурет салу арқылы ырғақты жекелеген элементтерді құрайтын қарапайым жиектерді сала білуге үйрету **Көркем әдебиет** **«Қолғап» ертегісі** Шығарма мазмұнының мағынасына байланысты интонациямен мазмұндауға үйрету. Кейіпкерлерге және олардың іс-әрекеттеріне өз ойын айта білу; суреттер бойынша әңгімелер құрастыра білуге үйрету. Шығармалардың мазмұны мен көркем туындылар түрінің арасындағы өзара байланысты көре білуге үйрету. Дербес әрекетте көркем тілдік дағдыларды қолдана білуді бекіту;	**Математика негіздеріқалыптастыру Жиын.** Жиын және оның құрамы арасындағы қатынастарды орната білуді дамыту; бүтін өзінің бөліктерінен үлкен екендігін, бірдей сандардың өзара бірыңғай сәйкестігі, үлкен және кіші бөліктерді анықтау. Жаратылыстану Қыс мезгілі Табиғат туралы қарапайым білімдерін меңгеру. Табиғаттағы маусымдық өзгерістерді байқауға, айырмашылықтарын ажырата білуге үйрету. Балалармен бірге табиғатты бақылау күнтізбесін жүргізуді жетілдіру **Құрастыру** **«Жеңіл көлік»** Қағаздан құрастыру әдістерін қолданып, жазық материалды көлемді формаға өзгерте білуді бекіту.Қағазды уқалап умаждап бүктеу арқылы көлік жасау дағдылардың қалыптастыру. Жаңа техникамен таныстыру. Дайын пішілген кескіндермен жұмыс жасау, күрделі емес сызба сызу, қайшымен нұсқаны тілік етіп кесу мен ойып ала білуді қалыптастыру. 	**Сурет салу «БӨЛМЕ ГҮЛ»** Қоршаған ортадағы болмысты, (өсімдіктерді, гүлдерді) заттарға қарап отырып, бейнелеу дағдыларын қалыптастыру. Олардың сипаттамалық белгілерін байқауға үйрету. Табиғаттың күрделі емес бейнесін суретте көрсету, кейбір бөлме өсімдіктеріне қарап сурет салу. **Мүсіндеу «Коньки тебуші»** Адамның бейнесін қол-аяқ қалпын дұрыс мүсіндеуге үйрету. Кеуде, бас және басқа да бөліктерді мүсіндей білуге, мүсіндеу тәсілдерін іріктеуде дербестікті білдіру. **Жапсыру«Қысқы түн»** күрделі жапсырмалар құрастыру біліктерін қалыптастыру, жырту тәсілімен алтын балық бейнелерді айқын беру үшін сұлбаны қию және жыртып жапсыру тәсілдерін қолдануды жетілдіру. **Музыка** **Ғажайыптар әлемі** **(өлі табиғат құбылыстары).** Музыка характерін қимыл -қозғалыспен бере білуге жаттықтыру. Балалардың шығармашылық қиялын дамыту.Ән мазмұнын түйсіне орындау. Табиғат көрінісін сезіне білуге , табиғатқа деген қамқорлық сезімін қалыптастыру. Би элементтерін нақышына келтіре орындауға талпындыру. 2. Музыка характерін қимыл -қозғалыспен бере білуге жаттықтыруды жалғастыру. Балалардың шығармашылық қиялын дамыту. Ән мазмұнын түйсіне орындау. Табиғат көрінісін сезіне білуге , табиғатқа деген қамқорлық сезімін қалыптастыру. Би элементтерін нақышына келтіре орындауға талпындыру **«Би үйренейік» вариативтік компонент** **«Торсықпен » биі 2-такт** Балаларға би қимылдарын музыка мазмұнына сәйкес орындауға үйрету. Шығармашылық қабілеттерін дамыту. **«Сиқырлы бояулар» вариативтік компонент** **Сурет салу неден басталады** Өз тәжірибелеріне сүйеніп өлі табиғат құбылыстарының суретін салу. Сурет салуға қажетті құралдармен (мақталы таяқша, паралон, шаблон, трафарет, бояулар және т.б)	**Өзін өзі тану** **Мейірімді іс-әрекеттер** "Өзара достық", "жақсылық" ұғымдары туралы түсінік беру. Достық қарым-қатынас туралы түсініктерін кеңейту. Ұлттық ерекшеліктерімен, құрбыларымен сыйластық қарым-қатынас мәдениетін дамыту. Достықты қадірлей білуге тәрбиелеу

Тексерілді

2022 ЖЫЛ АҚПАН АЙЫ
ӨТПЕЛІ ТАҚЫРЫП: МЕН ЖӘНЕ ҚОРШАҒАН ОРТА

Мақсаты:Табиғатпен таныстыру, экологиялық тәрбие, тіршілік әрекетінің қауіпсіздік негіздерін қалыптастыру, адамдар және олардың мамандықтарымен таныстыру

Ойындар, Ұйымдастырылған оқу қызметіне (ҰОҚ) дайындық 9:20-9:30	Балалармен ұйымдастырылған оқу қызметін ұйымдастыруда ойындар және баяу қимылды ойын-жаттығулар		Балабақшадағы қызықты күндер жайлы әңгімелесу Жанды домино Балалардың түр-түс (лентаның) жайлы білетіндерін, бірдей, жұп сөздері туралы түсініктерін дамыту; байқампаздыққа, сөзге жылдам әрекет жасауға үйрету.	Дидактикалық ойыны «Не жоқ?» Мақсаты: Балалардың зейінін, есте сақтау қабілетін дамыту.	Сүйікті балабақша туралы әңгімелесу Дидактикалық ойыны «Суретші қай ж қателесті?» Мақсаты: Балалардың ойлау қабілетін суреттегі сәйкессіздікті таба алға үйре
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырыл ған оқу қызметі 9:30-11:30			**Математика негіздері** Санның белгілі бір заттың өлшемін көрсететін көрсеткіш екендігі, жиын түрлі элементтерден құрылатындығы жайлы түсінігін дамыту. Көрнекілік негізінде 3, 4 саны мен цифр таныстыру, санының пайда болуымен таныстыру, оларды тану және атай білуді үйрету.4 көлеміндегі санды тура және кері санауға үйрету. Заттардың (4 және одан артық) ені мен жуандығын белгілей білуге үйрету. Заттарды шамасына қарай өсу және кему ретімен орналастыруға үйрету **Ойын «Көп біреу»** **Ойынның мақсаты:** көп және біреу қатынастарын білуге үйрету; заттардың	**Қауіпсіз мінез-құлық негіздері** Мен ауладамын. Балабақша мен үй ауласы. Қауіпсіздік ережелері, қауіпті орындар. Балабақшаға барар жол. Көшеде өзін ұстау ережесін және жол қауіпсіздігі ережелерін қайталату; автокөлік түрлері, "Балалар", "Жаяу жүргінші" жол белгілері, полиция қызметкері мамандығы туралы білімдерін бекіту; өз үйі мен балабақша орналасқан ықшамауданда, жақын төңіректе, жалпы кеңістікте бағдарлай білуді; қоғамдық орындарда өзін қауіпсіз және мәдениетті ұстау	**Өзін өзі тану** **«Өзін- өзі тану»** әлеміне саяхат « Өзін-өзі тану» пәні туралы түсінік б Өзін-өзі тану пәні туралы түсінік беру өзі тануға қызығушылықтарын арттыр және өзгелерді тануға тәрбиелеу **Дидактикалық ойыны «Не жоқ?»** **Мақсаты:** Балалардың зейінін, есте с қабілетін дамыту. **«Менің достарым»** «Сөз» және «дыбыс» терминдері тура бастапқы түсініктерін қалыптастыру. , және дауыссыз дыбыстардың негізгі ерекшеліктерімен таныстыру **«Қуыршақтардың есімі» дидактика ойыны** **Мақсаты**: сөздің қандай дыбыстан басталатынына назарларын аударады. **Сауат ашу негіздері** **«Сөз» және «дыбыс»** Біздің балабақшада «Сөз» және «дыбыс» терминдері тура бастапқы түсініктерін қалыптастыру. Дауысты және дауысс

			тең, тең емес топтарын салыстыру. **Орыс тілі** Мой любимый детский сад Обучение умению называть группы предметов ближайшего окружения; совершенствование умения задавать элементарные вопросы и отвечать на них; воспитывать бережное отношение к своей группе, детскому саду **Жапсыру «Біздің балабақша»** Балалардың қайшыны қолдану біліктерін бекіту: жолақшаларды тікбұрыштар етіп қию, шаршыларды үшбұрышты етіп қиып алу.Еекіге бүктелген қағаздан елестету бойынша бірнеше бөліктерден заттар жасауды **Ойын.Суретті құрастыр.** **Мақсаты.**Баланы бірнеше бөліктерден тұратын, бір тұтас суретті құрастыруға үйрету.	ережелерін сақтауды үйрету; ойлау мен елестете білу қабілетін дамыту; өз денсаулығына құндылық тұрғысынан қарауға, дербестікке өз қаласы мен ондағы адамдарды құрметтей білуге тәрбиелеу. **Дид-қ ойын: «Менің мекенжайым»** **Мақсаты** кеңістікті үйрету оң мен солды ажырату **Құрастыру** **Менің балабақшам (ұжымдық жұмыс)** Құрастыру бөлшектерінің негізгі бөліктерін және оған тән бөлшектерін анықтай білуге үйрету. Дағдыларын қалыптастыру: болашақта жасалатын құрылысты талдай білу, оларды орындау реттілігін белгілеу және оның негізінде нысан жасау; ұжымдық құрылыстар салу. **Ойын. Үй құрлысының ретін көрсет.** **Мақсаты.**Түстерді ажыратуға жаттықтыру, ойлау қабілеттерін дамыту, ұжымдық жұмысқа баулу.	дыбыстардың негізгі ерекшеліктеріме таныстыру. **Ойын.Сыйқырлы қап.** **Мақсаты.** Балаларға дыбыстарды дұр айтуға үйрету. рету. **Мүсіндеу «Балабақша жиһаздары».** Балаларды затқа қарап немесе көз алд елестету арқылы көлемі мен пішіні әр таныс заттарды, тән ерекше бөліктерд бейнелеуде барлық қол білектері мен саусақтарын дұрыс қозғалту техникас сақтай отырып, мүсіндеуге үйрету. **Ойын. Ойыншықты тап.** **Мақсаты.**Кеңістікті бағдарлай білуге **Музыка «Кір қуыршақ»** (Өлеңін жазған: Ж. Қашқанов; Музык жазған: И. Нүсіпбаев) Достықты білдіретін мейірімді әнді ты сезіне білуге ,әнді ширақ , жеңіл орын үйрету. Ішекти аспаптарды қолға ұста жоғары төмен қағыстарын шертип ой қолдарын жаттықтыру. Музыкаға сәй қимылдарын үйлестіріп қозғалуға талпындыру. Музыкалық ойын арқы балаларды тату дос болуға баулу, ойы жарыс кезінде достық жеңетінін ұғын **Ойын «Сиқырлы текше»** **Мақсаты:**Текшедегі аңдардың дауы келтіріп, жақын таныс

				Көркем әдебиет **«Күнді іздеген достар» ертегісі** Балаларды театр мәдениетіне баулу Коммуникативті –тілдік, ойын, артикуляциялық дағдылар балалардың театр ойындарына оң көзқарастарын таныту; әдеби кейіпкерлерді адамгершілік ережелері мен түсініктері тұрғысынан бағалау **Ойын. Сыйқырлы қалта.** **Мақсаты** Байқау ес зейінді дамыт **Сурет салу** **«Досыма сыйлаған саңырауқұлақтар»** Пішіндер туралы білімдеріне сүйене отырып, негізгі пішінін, заттар мен олардың бөліктерінің үйлесімділігін нақты беруге, бөліктердің салыстырмалы көлемі мен орналасуына, түстер туралы біліміне сүйене отырып, заттардың түстеріне, өз талғамымен түстерді таңдауға үйрету; **Ойын «Жұбын тап»** **Мақсаты:** геометриялық пішіндерді ажыратуға, салыстыруға	

				жаттықтыру; білімдерін бекіту, ойлау қабілеттерін дамыту.	
Серуенге дайындық 11:30-11:40	Киіну: Серуенге шығу.				
Серуен 11:40-12:50	Серуен №1				
Серуеннен оралу 12:50-13:00	Балалардың реттілікпен киімдерін шешуі, дербес ойын әрекеті .				
Түскі ас 13:00-13:30	Балалардың назарын тағамға аудару ; мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс; әдеп ережесі.				
Ұйқы 13:50-15:20	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату.				
	Аудио ертегі тыңдату	Музыкалық киіз үйден бесік жырын тыңдату	Ертегі оқып беру	Балалар әндерін тыңдату	Аудио ертегі тыңдату
Біртіндеп ұйқыдан ояту, ауа, су шаралары 15:20-15:30	Кілемге жатып,аяқты көтеріп,велосипед тебу,қалыпқа келу (3-4 рет). Жерде жатып,балықша жүзу,екі қолды сермеу,қалыпқа келу (3-4 рет). Аяқтың ұшымен көтерілу,демді жұтып шығару (3-4 рет). Сағаттың тіліндей Иіліп оңға бір, Сағаттың тіліндей Иіліп солға бір, Оң аяқ, сол аяқ Жаттығу оңай-ақ.				
Бесін ас 15:30-16:00	Балалардың назарын тағамға аудару ; мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс				
Ойындар, дербес әрекет 16:00-16:10		Сюжетті-рөлдік ойын «Қуыршақты тамақтандыр»; Ірі құрылыс материалдарымен және конструкторлармен ойындар.	Ойын – жаттығу «Қуыршықты жуындыр»; Альбомдар, сюжетті картиналар қарастыру, Ірі құрылыс материалдарымен ойындар.	«Қуыршақты серуенге киіндіріп, шығарайық» Мақсаты: Негізгі түстерді меңгеруге, киім атауын атай білуге және сөйлемді қолдана білуге жаттықтыру.	Сюжеттік ойыншықтармен ойындар ертегі оқып беру; үстел үсті театры және т.б.

Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс **16:10-16:50**					
Серуенге дайындық **16:50-17:00**	Киіну: Серуенге шығу.				
Серуен **17:00-18:00**	— Балабақша ауласына саяхат ұйымдастыру, балабақша ауласына бақылау жасап, өсіп тұрған өсімдіктердің аттарын атап, қамқорлық жасауға тәрбие Бақылау барысы: Тәрбиеші балаларға алаңдағы емдік шөпке назар аударуларын сұрайды және сұрақтар қояды: -- Қандай емдік өсімдіктерді білесіңдер? - Қалақайды неге емдік шөп дейміз? Ол арамшөп емес пе? Қалақайдың жапырақтарының пайдасы қандай?				
Балалардың үйге қайтуы **18:00-18:30**		Баланың бүгінгі жетістігі туралы әңгімелеу. Бала тәрбиесіне көңіл бөлуді ескерту.	Баланың бүгінгі жетістігі, бала денсаулығы мен тамағы жөнінде әңгімелесу.	Баланың бүгінгі жетістігі туралы әңгімелесу. Әдептілік сөздерді үйретуін ескерту.	Демалыс күндері күн тәртібін сақтау аналардан талап ету.

Бекітемін:
«Аяулым» бөбекжайының
меңгерушісі
Г.К.Кулбаева

ЦИКЛОГРАММА
Қыркүйек айы
«Аққу» мектепалды даярлық тобы
Өтпелі тақырып: «Балабақша»
Тақырыпша: «Сыйластық пен мейірімділік аптасы». Мерзімі: 06-10.09

Күн тәртібі	Дүйсенбі 06.09	Сейсенбі 07.09	Сәрсенбі 08.09	Бейсенбі 09.09	Жұма 10.09
Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу **8:00-8:45** Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б.) **8:00-8:40** Таңертеңгі гимнастика) **8:40-8:50**	**Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: балабақша туралы әңгімелесу, көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату.**				
	Балаларды қабылдау Денсаулығын тексеру Демалыс күнін қалай өткізгенін сұрау Сыйластық туралы өз ойларын сұрау Ойын: «Мен қандаймын?» (Бір қыз, бір ұл болып араласып тұрады.Көршісіне « Мен сені сыйлаймын, сенімен достасқым келеді» деп, оның қолын қысады.)	Мейірімділік туралы әңгімелесу. Күлімдеген күн мейірімді! Кіршіксіз ақ қар мейірімді! Таза мөлдір су мейірімді! Бәрімізді көтеріп тұрған жер мейірімді! Аяулы анам мейірімді! Қамқоршы апам мейірімді! Еңбек тапсырмасы:Балықтарға жем беру Ойын: «Мейірімділік жібі» (Балалар бір - бірлеріне жіпті беріп, тілектер айтады. Ақырғы бала	« Бізде кім жақсы» ойыны. Шарты: Балалар шеңбер бойымен жүреді, педагог балалардан «Кім жақсы» деп сұрайды. Балалар баланың атын айтып, сипаттайды Еңбек тапсырмасы: Ойыншықтарды жинау	«Өз отбасыңдағы қуанышты кездесулер» туралы айтып беру. Еңбек тапсырмасы: Ойыншықтарды жуу,сөреге жинау Ойын: «Мейірімділік гүлін» құрастыру (Балалар әр түрлі мейірімді сөздер айтып гүл күлтелерін құрастырады)	«Қуаныш сыйлау» Еңбек тапсырмасы:Гүлдерге су құю,шаңдарын сүрту. Ойын: «Күншуақ» Күлімдеген күн мейірімді, Кіршіксіз қар мейірімді. Таза мөлдір су мейірімді, Мәпелеген ата-ана мейірімді.

		жіп орамын мұғалімге беріп, өз тілегін айтады)			
Таңғы ас 8:50-9:20	Жаттығулар кешені №1 Сыйластықты іздеген, Әдеп сақтар ізгі өрен. Сыпайылық белгісі – Үлкендерге «Сіз» деген.				
Ойындар, Ұйымдастырылған оқу қызметіне (ҰОҚ) дайындық 9:20-9:30	Балалармен ұйымдастырылған оқу қызметін ұйымдастыруда ойындар және баяу қимылды ойын-жаттығулар				
	«Жылы сөздер ойыны» Шарты: балалар шеңбер бойымен тұрады, достарына жылы сөздерін айтады.	Сыпайы болу үшін қандай бала болу керек? Әңгімелесу, өз ойларымен бөлісу	« Менің досым»ойыны Шарты: допты лақтырып, қағып алған баладан педагок досының қандай жақсы қылықтары барын сұрау, мақал- мәтел, тақпақ сұрайды.	«Менің айтуым бойынша». Шарты: педагог бір баланы айтып сипаттайды. Соның қай бала екенін балалар айтады.	- Мейірімділікті қалай көрсетуге болады? -Жақсы көретін жан - жануарларың бар ма? Сұрақ-жауап
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырыл ған оқу қызметі 9:30-11:30	**Дене шынықтыру** Секіру. Сапқа тұру Алға қарай 3–4 м қашықтыққа жылжу арқылы секіруді үйретуді жалғастыру. Сапқа бір, екі, үш қатармен тұруға үйрету **Ойын «Тау теке»** Ойынның мақсаты балаларға секіріп үйрету **Жаратылыстану** **Күз келді далаға** Күздігүні табиғаттағы маусымдық	**Дене шынықтыру** **Лақтыру Еңбектеу** Допты еденнен ыршытып жоғары лақтырып, қос колмен қағып алуға үйретуді жалғастыру (4–5 рет). Гимнастикалық орындық астынан еңбектеуге үйретуді жалғастыру. **Ойын «Орта Доп»** **Мақсаты** допты тура лақтырып үйрену **Сауат ашу негіздері** **« Мен кіммін және қандаймын?»**Балаларға сөз, дыбыс туралы ұғымдарды түсіндіру. Сөздің дыбыстан құралатынын түсіндіру.	**Математика негіздері** Санның белгілі бір заттың өлшемін көрсететін көрсеткіш екендігі, жиын түрлі элементтерден құрылатындығы жайлы түсінігін дамыту. Көрнекілік негізінде 3, 4 саны мен цифр таныстыру, санының пайда болуымен таныстыру, оларды тану және атай білуді үйрету.4 көлеміндегі санды тура және кері санауға үйрету. Заттардың (4 және одан артық) ені мен жуандығын белгілей білуге үйрету. Заттарды шамасына қарай өсу және кему ретімен орналастыруға үйрету	**Дене шынықтыру** **Жүгіру Тепе-теңдікті сақтау. Футбол** Шашырап жүгіруді үйретуді жалғастыру. Тепе-теңдікті сақтай отырып заттардан аттап жүруге үйретуді жалғастыру. Допты шұңқырға, қақпаға домалатуды үйретуді жалғастыру. **Ойын. Футбол ойыны** **Сурет салу** **«Досыма сыйлаған**	**Өзін өзі тану** **«Өзін- өзі тану»** әлеміне саяхат « Өзін-өзі тану» пәні туралы түсінік беру. Өзін-өзі тану пәні туралы түсінік беру. Өзін-өзі тануға қызығушылықтарын арттыру. Өзін және өзгелерді тануға тәрбиелеу **Дидактикалық ойыны «Не жоқ?»** **Мақсаты:** Балалардың зейінін, есте сақтау қабілетін дамыту. **«Менің достарым»** **Сауат ашу нег4здер3** «Сөз» және «дыбыс» терминдері туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру. Дауысты және дауыссыз дыбыстардың негізгі

	өзгерістерді байқауға, айырмашылықтарын ажырата білуге үйрету. Айналасындағылардың қамқорлығы қажет екені туралы түсінік беру. **Сөйлеуді дамыту** **«Менің сүйікті ойыншығым»** дыбыстардың нақты артикуляциясын, интонациялық мәнерлігін қалыптастыру; жалпылауыш сөздерді және зат есімдерді дұрыс қолдану біліктерін дамыту **«Қандай дыбыс?» дидактикалық ойыны** Мақсаты: дауысты, дауыссыз дыбыстарды есту арқылы ажырата білуге үйрету және дыбыстық талдау жасауға дайындау	**«Қандай дыбыс?» дидактикалық ойыны** **Мақсаты**: дауысты, дауыссыз дыбыстарды есту арқылы ажырата білуге үйрету және дыбыстық талдау жасауға дайындау. **Музыка «Кір қуыршақ»** (Өлеңін жазған: Ж. Қашқанов; Музыкасын жазған: И. Нүсіпбаев) Достықты білдіретін мейірімді әнді тыңдап сезіне білуге ,әнді ширақ , жеңіл орындауға үйрету. Ішекти аспаптарды қолға ұстауға, жоғары төмен қағыстарын шертип ойнауға қолдарын жаттықтыру. Музыкаға сәйкес би қимылдарын үйлестіріп қозғалуға талпындыру. Музыкалық ойын арқылы балаларды тату дос болуға баулу, ойын , жарыс кезінде достық жеңетінін ұғындыру **Ойын «Сиқырлы текше»** **Мақсаты:**Текшедегі аңдардың дауысын келтіріп, жақын танысу	**Ойын «Көп біреу»** **Ойынның мақсаты:** көп және біреу қатынастарын білуге үйрету; заттардың тең, тең емес топтарын салыстыру. **Жапсыру** **«Досыма сыйлаған саңырауқұлақтар»** Балалардың қайшыны қолдану біліктерін бекіту: жолақшаларды тікбұрыштар етіп қию, шаршыларды үшбұрышты етіп қию, шаршы немесе тікбұрыштың шеттерін қию арқылы дөңгелек пен сопақша пішіндерді қиып алу. **Ойын Мынау қай пішін?** **Мақсаты:** Геометриялық пішінді сипалап анықтау арқылы айта білу. **Орыс тілі** **Давайте знакомиться** Использование игровых упражнений для развития правильного произношения русских звуков; развитие голосовой и артикуляционный аппараты, речевое дыхание, чёткую дикцию.закрепить произношение звуков русского языка	**саңырауқұлақтар»** Пішіндер туралы білімдеріне сүйене отырып, негізгі пішінін, заттар мен олардың бөліктерінің үйлесімділігін нақты беруге, бөліктердің салыстырмалы көлемі мен орналасуына, түстер туралы біліміне сүйене отырып, заттардың түстеріне, өз талғамымен түстерді таңдауға үйрету; **Ойын «Жұбын тап»** **Мақсаты:** геометриялық пішіндерді ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру; білімдерін бекіту, ойлау қабілеттерін дамыту. **Көркем әдебиет** **«Күнді іздеген достар» ертегісі** Балаларды театр мәдениетіне баулу Коммуникативті –тілдік, ойын, артикуляциялық дағдылар балалардың театр ойындарына оң көзқарастарын таныту; әдеби кейіпкерлерді адамгершілік ережелері мен түсініктері тұрғысынан бағалау **Ойын. Сыйқырлы қалта.** **Мақсаты** Байқау ес	ерекшеліктерімен таныстыру **«Қуыршақтардың есімі» дидактикалық ойыны** **Мақсаты**: сөздің қандай дыбыстан басталатынына назарларын аударады. **Мүсіндеу** **«Досыма сыйлаған саңырауқұлақтар»** Балаларды затқа қарап немесе көз алдарына елестету арқылы көлемі мен пішіні әртүрлі таныс заттарды, тән ерекше бөліктерді бейнелеуде барлық қол білектері мен саусақтарын дұрыс қозғалту техникасын сақтай отырып, мүсіндеуге үйрету **Музыка** Достықты білдіретін мейірімді әнді тыңдап сезіне білуге ,әнді ширақ , жеңіл орындауға үйретуді жалғастыру. Ішекти аспаптарды қолға ұстауға, жоғары төмен қағыстарын шертип ойнауға қолдарын жаттықтыру. Музыкаға сәйкес би қимылдарын үйлестіріп қозғалуға талпындыру. Музыкалық ойын арқылы балаларды тату дос болуға баулу, ойын , жарыс кезінде достық жеңетінін ұғындыру.

				зейінді дамыту **Қоршаған ортамен танысу** **Менің балабақшам.** Ересектердің еңбегі. Топ атауын, балабақша атауын, үйден балабақшаға дейінгі жолды анықтау туралы түсініктерін қалыптастыру; балабақша жақын орналасқан шағын ауданда, балабақша ауласында еркін бағыт-бағдар ұстай білу іскерліктерін жетілдіру. Әртүрлі мамандық иелері туралы; еңбектің мазмұны, сипаты және еңбек нәтижесінің маңызы туралы; балабақша қызметкерлерінің еңбегі туралы. Барлық мамандықтың қажет екендігін ұғындыру. **Ойын «Кімге не керек»** **Ойынның мақсаты:** Түрлі мамандықтың еңбек құралдарын танып айта білуге үйрету .	
Серуенге дайындық	Киіну: серуенге шығу				

11:30-11:40					
Серуен 11:40-12:50	Серуен №2				
Серуеннен оралу 12:50-13:00	Балалардың реттілікпен киімдерін шешуі, дербес ойын әрекеті.				
Түскі ас 13:00-13:30	Балалардың назарын тағамға аудару. Орындықты шайқамай отыру, ас жеп отырып жан-жаққа жалтақтап қарамау				
Ұйқы 13:50-15:20	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату.				
	Аңыз әңгімелер оқып беру	Музыкалық киіз үйден бесік жырын тыңдату	Ертегі оқып беру	Балалар әндерін тыңдату	Аудио ертегі тыңдату
Біртіндеп ұйқыдан ояту, ауа, су шаралары 15:20-15:30	Балалар төсекте, арқаға жатып қолды екі жаққа созу, жұдырықтарын жұму, қолдарын алға созып айқастыру, демалу. Шегірткедей ыршиық! Қане, сапты түзейік, Тіземізді бүгейік, Ыршып алға түсейік. Ыршып артқа түсейік. Бір-екі, үш-төрт. Бір-екі, үш-төрт! Шегірткедей ыршиық Ыршып-ыршып Тыншиық.				
Бесін ас 15:30-16:00	Балалардың назарын тағамға аудару, Үстел басында ұқыпты отыр				
Ойындар, дербес әрекет 16:00-16:10	Жан-жануарларға мейірімді болу туралы пікірлесу, мақал- мәтел жаттау.Суретті кітапшаларды бояу.	« Мейірімді бала туралы әңгімелеп бер»Мақсаты: сөздік қорын дамыту.	«Сыйластық» туралы әңгімелесу.Мақсаты: сұрақтарға толық жауап беруге үйрету.	« Сөйлемді аяқта» Менің досым.....(сыпайы, қайырымды, ақылды, аққөңіл)Сөздік қорын дамыту, шағын әңгіме құрастыруға үйрету.	Д/О «Достық неден басталады»Шарты: мен сендерге достық туралы сөздер айтамын оған иә немесе жоқ деп шапшаң жауап бересіңдер.
Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс 16:10-16:50					

Серуенге дайындық 16:50-17:00	Киіну: серуенге шығу.				
Серуен 17:00-18:00	Серуенге қызығушылық туғызу. Балалармен жеке әңгімелесу: «Сыйластық дегенді қалай түсінеміз?»,«Мейірімді бала қандай болуы тиіс?» және т.б Күн — жылу мен жарық көзі Мақсаты: — күннің жарық және жылу көзі екені туралы түсініктерін қалыптастыру; — ойлау, талқылау, дәлелдеу дағдыларын дамыту; — табиғатқа деген қамқорлық сезімге тәрбиелеу.				
Балалардың үйге қайтуы 18:00-18:30	Ата-аналарға төлем ақы туралы ескерту.	Тұмаудың алдын алу жайлы кеңестер беру.	Балалардың тазалығы жайлы ескерту	Балалардың жақсы жетістіктері жайлы әңгімелесу	Демалыс кунге үй тапсырмаларын беру.орындап келуін талап ету

Тәрбиеші

Бекітемін:
Мектепалды даярлық
меңгерушісі
Қ.Кулбаева

ЦИКЛОГРАММА
Қыркүйек айы
«Аққу» мектепалды даярлық тобы
Өтпелі тақырып: «Балабақша»
Тақырыпша: «Ойыншықтар».
Мерзімі: 13-17.09

Күн тәртібі	Дүйсенбі 13.09	Сейсенбі 14.09	Сәрсенбі 15.09	Бейсенбі 16.09	Жұма 17.09
Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу **8:00-8:45** Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б.) **8:00-8:40** Таңертеңгі гимнастика) **8:40-8:50**	**Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: балабақша туралы әңгімелесу, көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату.**				
	Балаларды қабылдау Қалай демалғандарын сұрау.Тазалықтарын тексеру. Еңбек тапсырмасы:Ойыншықтарды жуу,сөреге жинау	Ойын: «Ғажайып қоржын» атты ойын ойнаймыз. Ойынның шарты бойынша көздеріңді жұмып қоржыннан кез - келген ойыншықты аласыңдар. Алған ойыншықтарыңның атын, неден жасалғанын, түсін, қатты, жұмсақ екенін айтып, жақсы мейірімді тілек білдіресіңдер. Еңбек тапсырмасы:Гүлдерге су құю,түбін қопсыту	Ойыншықтар күтімі жайлы әңгімелесу,жұмбақтар шешу Еңбек тапсырмасы:балықтардың суын тазалау, жем беру. «Қандай ойыншық жоқ» Мақсаты: Есте сақтау қабілетін дамыту	«Ойыншықтар бізге ренжімеу үшін не істеуіміз керек?» Ойын. Шарты:Балалар оларды лақтырмаймыз сындырмаймыз, жуамыз. Біздің топта ойыншықтардың өз орны бар. Біз ойнап болғаннан кейін, оларды жинап орнына апарамыз. Олар бізге ренжімейді. Еңбек тапсырмасы: Құыршақтардың киімдерін жуу	Фотасуреттер қарастыру «Менің ойыншықтарым» Фотосуретте бейнеленген ойыншықтарды атап беру Еңбек тапсырмасы: Топты жинастыру,сөрелердің шаңдарын сүрту
Таңғы ас 9:50-9:20	Жаттығулар кешені №2				
	Ойын-жаттығу: Мынау ойыншық әлемі, Ойыншықтары әдемі. Таңдап алып біреуін. Бөпеме алғым келеді, Сынып қалса бір жері. Жөндеп бергім келеді, Жылатпаймын бөпемді, Үлкенмін ғой себебі.				

Ойындар, Ұйымдастырылған оқу қызметіне (ҰОҚ) дайындық 9:20-9:30	Балалармен ұйымдастырылған оқу қызметін ұйымдастыруда ойындар және баяу қимылды ойын-жаттығулар				
	«Қуыршақ қонаққа дайындалуда» Ойынның мақсаты: ұзын-қысқа, жуан-жіңішке, ұзындығы бірдей деген өлшемдерді салыстыруға жаттықтыру.	«Ойыншықтар» деген сөзге сөйлем құрастыру. Ойыншықтар сөзіне дыбыстық талдау жасау.	«Ойыншықтар айтысы»әңгімесін оқу. Сұрақ-жауап	«Не жоқ?» ойынын ойнайық. Ойын ұйымдастыру, балалардың есте сақтау қабілеттерін дамыту.	«Дидактикалық тапсырма» « Кім жылдам» сурет құрастыру./машина, доп, қуыршақты киіндіру/
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі 9:30-11:30	**Дене шынықтыру** **1.Жүру. Тепе-теңдікті сақтау (далада)** Аяқтың ұшымен, өкшемен жүруді үйретуді жалғастыру. Шектелген беткей үстімен тепе-теңдікті сақтай отырып адымдап жүруге үйрету. **Сөйлеуді дамыту** **«Менің сүйікті ойыншығым»** дыбыстардың нақты артикуляциясын, интонациялық мәнерлігін қалыптастыру; жалпылауыш сөздерді және зат есімдерді дұрыс қолдану біліктерін дамыту **«Қандай дыбыс?» дидактикалық ойыны** Мақсаты: дауысты, дауыссыз дыбыстарды есту арқылы ажырата білуге үйрету және дыбыстық талдау жасауға дайындау **Жаратылыстану** **«Нан дастарханға қалай келеді?»**	**Дене шынықтыру** Жүгіру. Жүзуге дайындық Жұптасып жүгіруді үйретуді жалғастыру. Судың таяз жерінде отырып және жатып аяқпен қимылдар жасап жүзуге үйретуді жалғастыру. **Ойын « Су добы»** **Мақсаты** Суда доп лақтырып шынығу **Сауат ашу негіздері** **Дыбыс** Дыбыс туралы түсінік беру.Дыбыстың дауысты, дауыссыз болып бөлінетіні туралы білімдерін кеңейту. **«Қандай дыбыс?» дидактикалық ойыны** **Мақсаты**: дауысты, дауыссыз дыбыстарды есту арқылы ажырата білуге үйрету және дыбыстық талдау жасауға дайындау. **Музыка** **«Ойыншықтар»**	**Математика негіздері** Көрнекілік негізінде 4, 5 саны мен цифр таныстыру, санының пайда болуымен таныстыру. 5 көлеміндегі санды тура және кері санауға үйрету. 5 дейінгі сандар мен цифрлар туралы ұғымдарын қалыптастыру, оларды тану және атай білуді үйрету. Дөңгелек және тіктөртбұрышпен салыстыру арқылы сопақшамен таныстыру. **Ойын «Таныс пішіндер доминосы»** **Мақсаты:** Геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту, көп заттың ішінен біреуін таңдауға жаттықтыру **Орыс тілі** **«Мои любимые игрушки»** Использование игровых упражнений для развития правильного	**Қауіпсіз мінез-құлық негіздері** Гигиена-біздің көмекшіміз. Неліктен қолды жуып, ауызды шайып, тісті тазалау керек? Балаларды «гигиена» ұғымымен таныстыру. Мәдени-гигиеналық дағдыларын пысықтау және жетілдіру, салауатты өмір салтын ұстау туралы түсініктерін дамыту. Өз денсаулығына құндылық ретінде қарауға, өзге адамдарды құрметтей білуге тәрбиелеу. **Ойын «Қуыршақты жуындыру үшін не керек?»** **Ойынның мақсаты:** қуыршақты жуындыру үшін қандай заттар керек екенін біледі. **Көркем әдебиет** **«Балабақша»** **Б.Тәжімбетов** (өленді жаттау) Балаларды дауыс ырғағымен мәнерлей оқи отырып, логикалық екпінмен, үзілістермен жаттауға, балалардың өлең мазмұнына деген қатынасын беруге, тілдік	**Өзін өзі тану** **Адам болуды үйренемін**. «Адамгершілік» «жақсы адам» ұғымдарының мағынасын түсіндіру. Адамгершілік туралы түсініктерін кеңейту. Бала бойындағы жақсы қасиеттерін дамыту ықпал ету. Жақсылық жасай білуге тәрбиелеу **Ойын «Мен қамқорлық жасаймын»** **Мақсаты** Балаларға жақсы мінездерді қалыптастыру **Сауат ашу негіздері** **«Менің сүйікті ойыншығым»** «Сөз» және «дыбыс» терминдері туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру. Жазу кезінде арқаны және қолдарды дұрыс ұстау ережелерімен таныстыру. Қаламды немесе қарындашты дұрыс ұстауға үйрету, ирек сызықтарды жазуға жаттықтыру арқылы ұсақ қол

	Бидай өсіру туралы балалардың білімін жетілдіру. Нанға деген ұқыпты қатынасқа тәрбиелеу, бидай өсіру мен нан өндіруге қатысатын адамдардың еңбегіне құрмет көрсету. **Ойын «Кімге не керек»** **Ойынның мақсаты:** Түрлі мамандықтың еңбек құралдарын танып айта білуге үйрету .	**(Өлеңін жазған: Н.** Әлімқұлов; Музыкасын жазған: И. Нүсіпбаев) 1.Музыканы мұқият тыңдап отырып ести білуге шығарманы соңына дейін тыңдауға үйрету. Әннің сөзін анық етіп, мәнін түсініп орындауға дағдыландыру. Ойыншық кейіпкерінің қимыл -қозғалысын бере білуге талпындыру. Ойын арқылы ойыншықтарын күтіп ұстауға тәрбиелеу	произношения русских звуков; развитие голосовой и артикуляционный аппараты, речевое дыхание, чёткую дикцию.закрепить произношение свистящие, шипящие(ж,щ,с,з) и сонорные (р, л) звуков русского языка. **«Сиқырлы бояулар» вариативтік компонент** **Күзгі ағаштар** (Монотипия) Жапырақтарды пайдалана отырып күзгі ағаштардың суретін салуға үйрету. **Жапсыру** **«Менің сүйікті ойыншығым»** Балалардың қайшыны қолдану біліктерін бекіту: жолақшаларды тікбұрыштар етіп қию, шаршыларды үшбұрышты етіп қию, шаршы немесе тікбұрыштың шеттерін қию арқылы дөңгелек пен сопақша пішіндерді қиып алу..	бейнелілігін сезінуг баулу **Ойын «Не жоқ?»** **Ойынның мақсаты:** балалардың логикалық ойлауын дамыту, жылдамдыққа, байқампаздыққа тәрбиелеу **Сурет салу** **«Менің сүйікті ойыншығым»** балаларды елестету және заттарға қарап гүлдер, көкөністер, күрделі емес ойыншықтар сұлбасын өздеріне тән ерекшеліктерін сақтай отырып салуға үйрету **Ойын «Тәрелкесіне қарай кесесін таңда»** **Мақсаты:** Түстер туралы ұғымдарын кеңейту	қимылдарын дамыту **Ойын «Түрлі түсті моншақтарды тізу»** **Ойынның мақсаты:** Түстеріне қарай кезектестіріп тізуге үйрету **Мүсіндеу «Аю мен қоян** Қарапайым қатынастарды сақтай отырып адам мен жануарлардың пішінін мүсіндеуге үйрету. Бөліктерді бейнелеуде барлық қол білектері мен саусақтарын дұрыс қозғалту техникасын сақтай отырып, мүсіндеуге **Музыка** Музыканы мұқият тыңдап отырып ести білуге шығарманы соңына дейін тыңдауға үйретуді жалғастыру. Әннің сөзін анық етіп, мәнін түсініп орындауға дағдыландыру. Ойыншық кейіпкерінің қимыл -қозғалысын бере білуге талпындыру. Ойын арқылы ойыншықтарын күтіп ұстауға тәрбиелеу
Серуенге дайындық 11:30-11:40	Серуенге дайындық. Киіну. Дұрыс киінулерін қадағалау. Серуенге шығу				
Серуен	Серуен №3				

11:40-12:50					
Серуеннен оралу 12:50-13:00	Балалардың реттілікпен киімдерін шешуі, дербес ойын әрекеттері				
Түскі ас 13:00-13:30	Үстел басында ұқыпты отыр. Орындықты шайқамай отыр. Ас жеп отырып сөйлеме. Қасықты дұрыс ұста. Нан қоқымын шашпа				
Ұйқы 13:50-15:20	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату				
	Аудио ертегі тыңдаду	Музыкалық киіз үйден бесік жырын тыңдату	Ертегі оқып беру	Балалар әндерін тыңдату	Ойыншықтар айтысы әңгімесін оқып беру
Біртіндеп ұйқыдан ояту, ауа, су шаралары 15:20-15:30	Балалар төсекте, арқаға жатып шынтақтарын тіреп иілу, кеуделерін жоғары көтеру, басты тік ұстау 3 - 5 секунд Терезенің қасында, Орындықты тауып ап, Мысық ұйықтап жатады, Оян, қане мысығым, Жаттығуды жасайық. Бір бүйірден екінші бүйірге аунау.				
Бесін ас 15:30-16:00	Балалардың назарын тағамға аудару: мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс				
Ойындар, дербес әрекет 16:00-16:10 **Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс** **16:10-16:50**	«Ойыншықты тап» Мақсаты: Кеңістікті бағдарлай білуге үйрету.	"Ойыншықтар дүкенінде" Мақсаты: Дүкенде озін дұрыс ұстай білуге тәрбиелеу.	«Аурухана» Мақсаты: Өздіктерінен рөл дерді бөле білуге үйрету. Қызығушылықтарын арттыру. Бір-біріне деген камқорлыққа тәрбиелеу.	Паравоз» Мақсаты: Балалардың бірінің артына бірі тіркеліп тұрып паравоз сияқты жүруге, өлең жолдарын қайталап айтуға үйрету.	Допты қуып жет Ойын мақсаты: балаларды шыдамды,сабырлы қалыпта берілген белгіні тыңдауаға,тез жүгірүгі,түсетерінің көлемін ажырата білуге баулу.
Серуенге дайындық 16:50-17:00	Киіну. Серуенге шығу				

Серуен **17:00-18:00**	Серуенге қызығушылық туғызу. Балалармен жеке әңгіме жүргізу. Арнайы көліктерді бақылау Мақсаты: — Арнайы көліктер туралы білімдерін кеңейту; — Сөздік қорларын молайту. - Қандай арнайы көлік түрлерін білесіңдер? («Жедел жәрдем», өртсөндіру, қар жинайтын, су себетін, милиция машиналары.) -Бұл машиналар не үшін керек? (адамдарға көмектесу үшін.) -Өрт болғанда неге «Жедел жәрдемді» қоса шақырады? (зардап шеккендерге көмектесу үшін.) -Сиренасы қосулы машиналарға өзге машиналар жол беруге тиіс пе? (иә) -Неге? (Олар адамдарға көмекке асығады.) -Оларды атаңдар. («Жедел жәрдем», өртсөндіру және милиция .) Еңбек. Тәрбиешімен бірге сынған, құлаған құрғақ бұтақтарды жинау Мақсаты:Жұмыс уақытында ұқыпты болуға баулу.				
Балалардың үйге қайтуы **18:00-18:30**	Серуенге шығу. Үйге оралу, үйлеріне сұрану.	Ата-аналарға дене шынықтыруға арналған форма жайлы айту	Ата-аналардың сұрақтарына жауап беру	"Баламен демалыс күнді телевизорсыз қалай өткізуге болады?" ата-аналарға кеңес беру	Ата-аналарға дене шынықтыруға арналған форма жайлы айту

Тәрбиешілері

Бекітемін
«Білім» бөбекжайын
меңгерушісі
Қ.К.Құлбаева

ЦИКЛОГРАММА
Қыркүйек айы
«Аққу» мектепалды даярлық тобы
Өтпелі тақырып:«Балабақша»
Тақырыпша: «Мамандықтар түрлері».
Мерзімі: 20-24.09

Күн тәртібі	Дүйсенбі 20.09	Сейсенбі 21.09.	Сәрсенбі 22.09	Бейсенбі 23.09	Жұма 24.09
Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу **8:00-8:45** Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б.) **8:00-8:40** Таңертеңгі гимнастика) **8:40-8:50**	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: балабақша туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату.				
	Балаларды қабылдау Демалыс күндерін қалай өткізгендерін сұрау Тазалық шараларын жүргізу. Еңбек тапсырмасы:Гүлдерді ңшаңын сүрту «Мен өскенде кім боламын?» деген сұраққа жауап алу. Д/о:Бұл құрал қай мамандық иесінікі?	Ата аналары қандай маман иесі екенін әңгімелесу Сурет бойынша әңгіме құрастыру, жұмбақ шешу. Д/о: «Заттарды ажырат». Еңбек тапсырмасы:Кітап сөрелерін сүрту,жинастыру	Д/о «Суреттерді орналастыр» «Балабақша қызметкерлері» тақырыбында әңгімелесу Мақсаты: үлкендердің еңбектерін бағалауға үйрету Еңбек тапсырмасы: Табиғат бұрышын жинастыру,балықтарға жем беру	Суретке қарап әңгімеге тарту «Кім жоқ?» ойыны. Балаларға мамандықтар суреті көрсетіледі. Көздерін жұмуды ұсынып, бір суретті жасырады. Қандай мамандық жоқ екенін табады. Еңбек тапсырмасы: Шығармашылық бұрышын жинастыру,қарындаштарды ұштау	Үстел үсті Қысқыштармен ойналатын ойын «Балабақшада кім еңбек етеді» тақырыбында мазмұнды суреттер ұсыну. Еңбек тапсырмасы: Ойыншық сөрелерін жинау,сүрту,сынған ойыншықтарды қоқысқа тастау
	Жаттығулар кешені №2				
Таңғы ас 8:50-9:20	Ойын-жаттығу: Нан қоқымын шашпаңдар Жерде жатса баспаңдар Теріп алып қастерлеп Торғайларға тастаңдар				
Ойындар,	Балалармен ұйымдастырылған оқу қызметін ұйымдастыруда ойындар және баяу қимылды ойын-жаттығулар				

Ұйымдастырылған оқу қызметіне (ҰОҚ) дайындық 9:20-9:30	Д/о «Сөйлеп тұрған кім?» Балалар біз қазір мына сөздерді естіп қандай мамандық иесі сөйлеп тұрғанын анықтайық:	Д/ о: «Әр маман иесінің тиісті көлігін тап!» Шарты: полиция, өрт сөндіруші, жүргізуші және дәрігердің көліктері шатастырылып берілген.	Д/о: «Мамандық иелерінің құралдары» Шарты: Әр мамандық иесіне тән құралды тауып, орналастыру.	«Не артық?» Мақсаты: Бал-ды суретке қарап,оларды топтастыруға үйрету.	Д/ о: «Кім болам?» Шарты: Балаларға болашақта қандай мамандық иелері болғысы келетіндігін және елге қандай пайда келтіретіндіктерін әңгімелету.
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі 9:30-11:30	**Дене шынықтыру** Лақтыру. Велосипед тебу (далада) Қос қолмен допты жоғары лақтыруды үйретуді жалғастыру. Шеңбер бойымен және тура жолмен қос дөңгелекті велосипед тебу. Оңға және солға бұрылуға үйрету **Ойын «Орта Доп»** **Мақсаты** допты тура лақтырып үйрену **Жаратылыстану** **Жидектер мен** саңырауқұлақтар Балаларды орман жидектері мен саңырауқұлақтарын тануға үйрету. **Ойын «Бақша да ма,бау да ма?»** **Ойынның мақсаты**: Жемістер мен көкөністер туралы мағлұмат беру **Сөйлеуді дамыту** **"Мамандықтын бәрі жақсы"**	**Математика негіздері** Тура және кері санау. 5 саны көлеміндегі сан мен цифр туралы ұғымдарын қалыптастыру, оларды тану және атай білуді үйрету. Дөңгелек және тіктөртбұрышпен салыстыру арқылы сопақшаны ажырата білуге жаттықтыру. Геометриялық пішіндер (дөңгелек, сопақша, тіктөртбұрыш) дұрыс атап, оларды бірбірінен ажырата білуге жаттықтыру. Кеңістік ұғымдарын бекіту. Қағаз бетінде бағдарлай білу дағдыларын қалыптастыру. **Ойын Бес санына шапалақта** **Мақсаты:** Беске дейін санап және тәрбиешінің ұсынысы бойынша әрекетті орындап үйрету. **Сурет салу**	**Сауат ашу негіздері** **«Сөз. Тіл не үшін қажет»** **«А» дыбысы** «Сөз» және «дыбыс» терминдері туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыруды жалғастыру. Балаларды сөздегі дыбыстардың бірізділігін белгілеуге үйрету. Жуан және жіңішке дыбыстарды ажырата білуге үйрету **«Қандай дыбыс?» дидактикалық ойыны** Мақсаты: дауысты, дауыссыз дыбыстарды есту арқылы ажырата білуге үйрету және дыбыстық талдау жасауға дайындау. **Қоршаған ортамен танысу** **Тірі табиғат** Табиғи нысандар мен құбылыстарды бақылау білігі мен дағдыларын қалыптастыр; табиғат бұрышындағы өсімдіктер мен жануарларға күтім жасаудың қарапайым тәсілдерін меңгеру; жер	**Орыс тілі** **Мастера мебели** Обучение прямому и обратному счету до 5. Обучение умению называть группы предметов ближайшего окружения; предметы по величине и по цвету. **«Сиқырлы бояулар» вариативтік компонент** Гүлге арналған құмыра Қарапайым өрнектермен құмыраны безендіру. Трафаретті пайдалану арқылы паралонмен сурет салуға үйрету. Өрнектерден композиция құру іскерлігін жетілдіру. **Дене шынықтыру** **Домалату. Өрмелеу** Допты бір қатарға қойылған заттар арасымен домалатуға үйретуді жалғастыру. Көлбеу басқышпен өрмелеп гимнастикалық	**Сауат ашу негіздері** **Буын** Сөзді буынға бөлу,Сөздегі буын санын және орналасуретін анықтау **«Қандай дыбыс?» дидактикалық ойыны** Мақсаты: дауысты, дауыссыз дыбыстарды есту арқылы ажырата білуге үйрету және дыбыстық талдау жасауға дайындау **Көркем әдебиет** **«Театр әлемінде»** **Балаларды үйрету:** 1) таныс сюжеттер бойынша қойылымдарды сахналауға; 2) жаңа ойын әрекеттеріне ойыншықтармен, заттармен таныс әрекеттерді жеткізуге; 3) театрландырылған әрекеттің алуан түрлі тәсілдерін және жанрларын (драмалық, музыкалық, қуыршақ,

	балалардың сөздік қорын зат есімдермен, етістіктермен, сын есімдермен,сан есімдермен және жалғаулармен байыту. **Ойын «Кімге не керек»** **Ойынның мақсаты:** Түрлі мамандықтың еңбек құралдарын танып айта білуге үйрету	**Гжель. «Құмыраны әшекейлеу»** Түзу, ирек, жіңішке, жалпақ сызықтарды, түрлі көлемдегі дөңгелектерді, жақпаларды, нүктелерді ырғақты орналастыра отырып, қарапайым пішіндерде өрнектерді құрастыра білу іскерліктерін бекіту. Түрлі өлшемдегі өрнекті элементтерді үйлестіру, ақ және түрлі түсті қолдана отырып, түстерді таңдауды қолдану; қылқаламмен қағазға басып салу тәсілдерін қолдануға; қағаздыңортасын, бұрыштарын, жоғарғы, төменгі, оң және сол жақтарын ажыратуға үйрету. **Ойын. Үй құрлысының ретін көрсет.** **Мақсаты.**Түстерді ажыратуға жаттықтыру**,** ойлау қабілеттерін дамыту, ұжымдық жұмысқа баулу**.** **Қауіпсіз мінез-құлық негіздері** Гигиена-біздің көмекшіміз. Неліктен қолды жуып, ауызды шайып, тісті тазалау керек? Балаларды «гигиена» ұғымымен таныстыру. Мәдени-гигиеналық дағдыларын пысықтау және жетілдіру,	бетіндегі барлық тіршілік иелеріне су, ауа, жылудың маңызы туралы түсініктерін қалыптастыр; балаларды қоршаған ортаның қоқыспен ластануы мәселелерімен таны **Ойын «Не ұшпайды?»** **Мақсаты:** ұшатын және ұшпайтын заттарды ажырата білу **Мүсіндеу «Құмырадағы гүл».** көшеде, үйде және балабақшада көрген заттарын бейнелей отырып, елестету арқылы мүсіндеу. Олар бақылау жасаған заттардың бейнесін жеткізе білуге, заттарды түрлі қалыпта мүсіндеуге, бейненің жеке шешімін өздігінен табуға үйрету. Сулы шүберекпен пішіннің үстінен тегістеуге және кескішті қолдануға үйрету **Музыка** Музыканың сезімдік мазмұнын сипатын ажырата білуге, әнді нәзік орындауға төсілдіру. Музыкалық аспаптарда ойнағанда , өзін еркін ұстауға , ырғақты сезінуге үйретуді жалғастыру. Музыкаға сәйкес би қимылдарын пайдалануға талпындыру. Ойын арқылы	қабырғаға өтіп, сатыдан ұстай отырып қайта түсуге үйрету **Ойын «Аңшылар»** **Құрастыру** **Ойыншықтар арасындағы көңілді көліктер** Құрастыру бөлшектерінің негізгі бөліктерін және оған тән бөлшектерін анықтай білуге үйрету. Дағдыларын қалыптастыру: болашақта жасалатын құрылысты талдай білу, оларды орындау реттілігін белгілеу және оның негізінде нысан жасау, шамасы бойынша әртүрлі құрылыстардың нұсқаларын жасай білу; Үлкен емес жазықтықты үлкен етіп біріктіру, кірпіштердің, қырлы бөренелердің араларын бірін-біріне жиі қойып құрылысты берік ету, биіктігі күрделі құрылысты бөлу сияқты құрастырудың жаңа әдістерін үйрету. **Ойын Вагондарға дөңгелек таңдау** **Мақсаты:** геометриялық пішіндерді ажыратуға, қасиеттерін білуге жаттықтыру, ойлау	клоун және тағы басқа) меңгеру **Ойын. Ойыншықты тап.** **Мақсаты.**Кеңістікті бағдарлай білуге үйрету. . **Өзін өзі тану** **Қыздар мен ұлдар.** Әрбір баланың жеке тұлға екендігін түсіндіу. Қыз бала мен ұл баланың ерекшеліктері туралы түсінік беру. Өзін-өзі тануға деген қызығушылықтарын арттыру. Өзара жағымды қарым-қатынас жасауға тәрбиелеу. **Ойын «Өз есіміңді ерекше ата»** Мақсаты Балаларға өз есімінің мағынасымен таныстыру **ЖАПСЫРУ** **«Құмырадағы гүл»** Балаларға қағазға заттарды орналастыру дағдыларын үйрету. Жапсыруларды құрастыру барысында объектілердің көлемі бойынша қатынасын, заттардың бөліктерінің пішінін, құрылымын, қатынастарын көре

		салауатты өмір салтын ұстау туралы түсініктерін дамыту. Өз денсаулығына құндылық ретінде қарауға, өзге адамдарды құрметтей білуге тәрбиелеу. **Ойын «Қуыршақты жуындыру үшін не керек?»** **Ойынның мақсаты:** қуыршақты жуындыру үшін қандай заттар керек екенін біледі. **Музыка «Бүгін туған күніміз»** **(Өлеңін жазған: Ә. Табылдиев; Музыкасын** жазған: И. Нүсіпбаев) Музыканың сезімдік мазмұнын сипатын ажырата білуге, әнді нәзік орындауға төсілдіру. Музыкалық аспаптарда ойнағанда , өзін еркін ұстауға , ырғақты сезінуге үйрету. Музыкаға сәйкес би қимылдарын пайдалануға талпындыру. Ойын арқылы балаларды шапшандылыққа баулу.	балаларды шапшандылыққа баулу **«Би үйренейік» вариативтік компонент.** « Күзгі жапырақ » биі 4-5такт Балаларға би қимылдарын музыка мазмұнына сәйкес орындауға үйрету. Шығармашылық, қабілеттерін дамыту.	қабілетін дамыту.	білу іскерліктерін меңгерту. Өзінің жұмысын композиция, перспектива ережелеріне сәйкес құру; қайшыны, желімді дұрыс қолдану; екі бүктелген қағаздан симметриялық пішіндер қию **Ойын.Гүлдер құрастыру.** **Мақсаты.** Гүлдің бөліктерін құрастыруға үйрету. **«Ұлттық ойындар» вариативтік компонент** “Арқан тарту” ойынымен таныстыру, түсіндіру Балалармен сурет арқылы әңгімелесу, маңызын түсінді.
Серуенге дайындық 11:30-11:40	Серуенге дайындық. Киіну. Серуенге шығу				
Серуен 11:40-12:50	Серуен №4				
Серуеннен оралу 12:50-13:00	Балалардың реттілікпен киімдерін шешуі, дербес ойын әрекеттері				

Түскі ас **13:00-13:30**	Үстел басында ұқыпты отыр. Орындықты шайқамай отыр. Ас жеп отырып сөйлеме. Қасықты дұрыс ұста. Нан қоқымын шашпа				
Ұйқы **13:50-15:20**	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату.				
	Аудио ертегі тыңдаду	Музыкалық киіз үйден бесік жырын тыңдату	Ертегі оқып беру	Балалар әндерін тыңдату	Аудио ертегі тыңдату
Біртіндеп ұйқыдан ояту, ауа, су шаралары **15:20-15:30**	Қолымызды қимылдатып, күбідегі қымызды піскендей боламыз, қалыпқа келеміз (3 - 4рет).Оң қолды, сол қолды жоғары көтеріп, есеміз (3 - 4рет). Кілемге жатып, аяқты жоғары көтеріп, велосипед тебеміз.Аяқ бірге, аяқтың ұшына қолымызды тигіземіз, қалыпқа келеміз (3 - 4рет). "Велосипед тебейік", "құлағымыздың қырын сипап, құлағымызға сырға тағайық"				
Бесін ас **15:30-16:00**	Балалардың назарын тағамға аудару: мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс				
Ойындар, дербес әрекет **16:00-16:10** **Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс** **16:10-16:50**	«Дүкен» Мақсаты: Сатушының рөлін ойнай білу біліктклікке үйрету.	«Мамандықтың бәрі жақсы». Балалар сюжетті рөлдік ойын ретінде, әр маман салаларының атқаратын қызметтері жайында танысады. Өздерін сол маман иесі орнына қояды. Сөйтіп, өздері рольдерге еніп ойындарды ойнайды. Балаларды ойын барысында рольдерін ауыстырып отыру.	«Киім дүкені» Мақсаты: Ойын барысында рөлдерді ойнай білуге үйрету. Сатушы әртүрлі киімдер түрлері туралы әңгімелейді.	«Аспазшы» Мақсаты: Балаларды тағамның түрлерімен таныстыру. Оларға жасаудың қарапайым жолдарын түсіндіру. Асты қадірлеуге үйрету.	«Шаштараз» Мақсаты: Балаларды шаштараз ойынымен таныстыра отырып, шаштарын үнемі тарап әдемілеп жүруге үйрету. Шаш өрудің әр түрлі үлгісін көрсету. Әсемдікке, әдемілікке баулу.
Серуенге дайындық **16:50-17:00** **Серуен** **17:00-18:00**	Киіну. Серуенге шығу				
Балалардың үйге қайтуы **18:00-18:30**	Аула тазалаушы еңбегін бақылау Мақсаты: — күз мезгіліндегі аула тазалаушы еңбегі туралы білімдерін молайту, — аула тазалаушыға қажетті құрал-жабдықтармен танысу				

Бекітемін:
«Айгөлым» бөбекжайы
меңгерушісі
Г. Құлбаева

ЦИКЛОГРАММА
Қазан айы
«Аққу» мектепалды даярлық тобы
ӨТПЕЛІ ТАҚЫРЫП «ҚОШ КЕЛДІҢ АЛТЫН КҮЗ!»
Тақырыпша: «Бау-бақшаға саяхат». Мерзімі: 11.10-15.10

Күн тәртібі	Дүйсенбі 11.10	Сейсенбі 12.10	Сәрсенбі 13.10	Бейсенбі 14.10	Жұма 15.10
Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу **8:00-8:45** Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б.) **8:00-8:40** Таңертеңгі гимнастика) **8:40-8:50**	**Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: балабақша туралы әңгімелесу, көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату.**				
	Ата-аналармен амандасу.Балалардан демалыс күнін қалай өткізгенін сұрау. Жыл мезгілдру туралы әңгімелесу. «Күз» (сурет қарастыру) Мақсаты: Қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету Еңбек тапсырмасы:Гүлдерге су құю,шаңдарын сүрту.	Балалардың тазалықтарын тексеру. Әңгіме құрастыру. «Күзгі орман» Мақсаты: баланың сөздік қорын байыту Еңбек тапсырмасы: Балалардың аяқ киім сөрелерін тазалау	Д/о «Ғажайып қапшық» Мақсаты: Баланың сөздік қорын күз ерекшеліктерінің атауларын білдіретін сөздермен байыту Еңбек тапсырмасы: Ойыншықтарды жинастыру	«Бау-бақшаға серуен» тақырыбында әңгімелесу Мақсаты: жаз-күз мезгілін салыстыру дағдыларын жетілдіру Еңбек тапсырмасы: Табиғат бұрышында еңбек ету. Асханада кезекшілікті ұйымдастыру	Д/о:«Атын атап бер» Мақсаты: күз ерекшеліктері туралы білімдерін нығайту Суреттер құрастыру,Күздің ерекшеліктері туралы суреттерді қарау Еңбек тапсырмасы: Балыққа жем шашу
	Жаттығулар кешені №2				
Таңғы ас 8:50-9:20	Нанды бір қолмен үзуге болмайды. Нанды төңкеріп қоюға болмайды. Нанды аяқ астына тастама.				
Ойындар, Ұйымдастырылған оқу қызметіне (ҰОҚ) дайындық 9:20-9:30	Балалармен ұйымдастырылған оқу қызметін ұйымдастыруда ойындар және баяу қимылды ойын-жаттығулар				
	Д/о:«Суретші қай жерде қателесті?» Мақсаты: Балалардың ойлау қабілетін дамыту, суреттегі сәйкессіздікті таба алға	Д/о:«Айырмашылығын тап» Мақсаты: Балаларға екі суреттің немесе заттың айырмашылығын таба білуге; өз ойын айта білуге үйрету; ақыл-ойларын	Д/о:«Сипап сезу арқылы санау» Мақсаты: Сипай сезіп санау арқылы қарамай-ақ екі топтағы заттарды салыстыруға үйрету (артық, кем, тең);	Д/о: «Не өзгерді» ойыны Мақсаты: Көру арқылы ойлау қабілеттерін арттыру.	Д/о:"Сұрақ – жауап" ойыны. Ойынның мақсаты: Сұрақтарға дұрыс, әрі тез жауап беруге дағдыландыру.

	үйрету.	дамыту; шыдамдылыққа, досының жауабын тыңдай білуге дағдыландыру.	санау дағдыларын бекіту; салыстыруда беттестіру тәсілін қолдана білу.		
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі 9:30-11:30	**Дене шынықтыру** **Жүру. Тепе-теңдікті** сақтау. Футбол (далада) Тізеден бүгілген аяқты жоғары көтеріп жүруді үйретуді жалғастыру. Аяқ ұшымен жүруге үйретуді жалғастыру. Допты қатарынан бірнеше рет қабырғаға соғуды үйрету **Ойын «Футбол»** **Сөйлеуді дамыту** **«Күзгі жапырақтар»** қоршаған орта жайлы білімдерін, ұғымдарды қалыптастыру барысында сөздік қорды байыту және дамыту. Тыңдау және тілді түсіну дағдыларын қалыптастыру, диалог түрінде сөйлеуге үйрету **Ойын Антонимдер** **Мақсаты** балалардың диолог құру арқылы білім деңгейін көтеру **Жаратылыстану** **«Табиғатта не өзгерді?»** Күздігүні табиғаттағы	**Дене шынықтыру** Жүру.Еңбектеу Қозғалыс бағытын өзгертіп жүруді үйретуді жалғастыру. Доғаның астымен төрт тағандап, допты басымен итеріп еңбектеуге үйрету **Ойын «Тұтқынға алу»** **Мақсаты** Балаларға командалық ойындарды үйрету отыру тұру жүгіру **Сауат ашу негіздері** **Дыбыстық талдау «КҮН»** **«Н» дыбысы** дыбыстық құрылымы әртүрлі үш дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасауға, дыбыстардың айтылу және дыбысталу ерекшеліктерін талдауға үйрету. Жазу кезінде арқаны және қолдарды дұрыс ұстау ережелерімен таныстыру. Қаламды немесе қарындашты дұрыс ұстауға үйрету.Ұзын және қысқа таяқшалар. **Ойын «Құыршақ қонаққа дайындалуда»** **Ойынның мақсаты:** ұзын-қысқа, жуан-жіңішке, ұзындығы бірдей деген өлшемдерді салыстыруға	**Математика негіздері** 6, 7 санны туралы білімдерін нығайту Көрнекілік негізінде 6,7 санны туралы білімдерін нығайту. 7 көлеміндегі санды тура және кері санауға үйрету. 7 саны көлеміндегі сан мен цифр туралы ұғымдарын қалыптастыру, оларды тану және атай білуді үйрету. Кеңістік ұғымдарын бекіту. Қағаз бетінде бағдарлай білу дағдыларын қалыптастыру. **Ойын «Үй құрлысының ретін көрсет»** **Мақсаты:** түстерді ажыратуға жаттықтыру; ойлау қабілеттерін, қабылдау, ес, зейін процесстерін дамыту. **Орыс тілі** **Что мы видели** Обучение составлению предложений из 4–5 слов; формирование умения понимать и применять знакомые слова в повседневной жизни составляет короткие рассказы по наблюдениям на экскурсии, произносит звуки русского языка	**Қауіпсіз мінез-құлық негіздері** Мен асүйде анама көмектесемін. Азық-түлікті пайдалануға дайындау ережелері: жуу, пісіру, тазалау. Әртүрлі азық-түліктерді дайындаудың қарапайым тәсілдері және оларды қолдану. Азық-түліктерді пайдалануға дайындау ережелерімен таныстыру; себеп-салдар байланысын анықтауға үйрету; гигиеналық дағдыларын, ойлау қабілеттерін дамыту, ұсақ қол қимылдарын жетілдіру, зейіндерін шоғырландыру; еңбексүйгіштікке, мейірімділікке, ұқыптылыққа тәрбиелеу. **Ойын «Кімге не керек»** **Ойынның мақсаты:** Түрлі мамандықтың еңбек құралдарын танып айта білуге үйрету **Көркем әдебиет** **«Кішкене бағбан»** М.Төрежанов Шығармалардың эмоционалды-бейнелік мазмұнын қабылдауға, баяндау сипатын сезінуге	**Өзін өзі тану** **Менің сезімдерім** Адамның сезімдері, оның адамға тигізетін әсері туралы түсінік беру. **Ойын «Не қайда тұрады»** **Мақсаты:** Ойын арқылы балалардың тілін, ой-өрісін дамыту **Сауат ашу негіздері** **«Ғ» дыбысы мен әрпі** Ғ әрпімен таныстыру, дыбыстардың әртүрлі айтылатынын ұғындыру **«Қандай дыбыс?» дидактикалық ойыны** Мақсаты: дауысты, дауыссыз дыбыстарды есту арқылы ажырата білуге үйрету және дыбыстық талдау жасауға дайындау. **Мүсіндеу «Көкөністер»** **Балаларды затқа қарап** немесе көз алдарына елестету арқылы көлемі

